№132-133
(20008-20009)

# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

5 қыркүйек, сенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

ЭКОНОМИКА
2 Баға тұрақтылығы бақылауда



ЖОЛДАУ
3 Көліктік медицинаның көкжиегі кең



МЕРЕЙ
4 Мұнайшылар әулеті



ЖӘДІГЕР
16 Диқан шай ішкен самаурын



ПРЕЗИДЕНТ

## Қаржы орталығының басқарушысын қабылдады

**Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Астана» халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) басқарушысы Қайрат Келімбетовтің есебін тыңдады.**

Кездесуде Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған Жолдауын іске асыру және экономикалық өсімді қалпына келтіру мәселелері талқыланды. Мемлекет басшысы тікелей және портфельді инвестиция тарту жұмыстары кезінде өңірлік үйлестірудің маңызына ерекше тоқталды.

Қайрат Келімбетов Президентке Қаржы орталығының 2025 жылға дейінгі Даму стратегиясына сәйкес АХҚО жұмысын жаңғырту жайын баяндады. Кездесу қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар нақты тапсырма берді.

## Жаңа нысандар пайдалануға беріледі

**Мемлекет басшысы Энергетика министрі Нұрлан Ноғаевты қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаев министрліктің 7 айдағы жұмысының қорытындылары мен елдің отын-энергетика кешенін дамыту перспективалары туралы есебін тыңдады.**

Нұрлан Ноғаев Мемлекет басшысына болашақта Теңіз кенішін кеңейту мен ернеулік қысымды басқару жөніндегі жобалардың жүзеге асырылуы туралы баяндады. Бұл жобалар 2022 жылдың соңына дейін мұнай өндірісін 12 млн тоннаға арттыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ Президентке 2025 жылға дейін мұнайгазхимия саласында жалпы соммасы 15 млрд АҚШ доллары болатын жобалар жүзеге асыру жоспарланғаны туралы ақпарат берілді. Министрдің айтуынша, жыл басынан бері қуаттылығы 432,05 МВт-тық жаңартылатын қуат көздерінің 15 нысаны іске қосылған. Жыл соңына дейін тағы 260 МВт жаңартылатын қуат көздерінің нысандары пайдалануға берілмек.

ПАРЛАМЕНТ

## Күн тәртібі нақтыланды

**Мәжіліс Спикері Нұрлан Нығматулиннің төрағалығымен Палата Бюросы өтіп, онда алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды. Мәжіліс бірінші оқылымда депутаттар әзірлеген Қазақстанның шегінен тыс жерге шығарып жіберу кезінде ұстау мерзімдерін реттеу мәселелеріне қатысты заң жобасын қарайды.**

Сонымен қатар, Палатаның алдағы жалпы отырысында бірқатар ратификациялық заң жобалары талқыланатын болады. Атап айтқанда, ШЫҰ мүше мемлекеттер арасындағы бірлескен әскери оқу-жаттығулар өткізу туралы, сондай-ақ, Қазақстан мен Люксембург арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімдер бойынша заң жобалары.

ҮКІМЕТ

## Жол құрылысының қарқыны күшейді

**ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин жұмыс сапарымен Шығыс Қазақстан және Алматы облыстарына барып, ірі инфрақұрылымдық жобалар мен мемлекеттік даму бағдарламаларының іске асырылу барысын тексерді.**

Шығыс Қазақстан облысында Асқар Мамин «Өскемен – Талдықорған» автожолының құрылысы жобасының іске асырылуын тексерді, оның жалпы ұзындығы бойынша (768 км) осы жылдың соңына дейін қозғалысты ашу жоспарланып отыр. Сонымен қатар «Қалбатау – Майқапшағай» тас жолы реконструкцияланып жатыр, онда жыл соңына қарай автожолдың барлық 415 шақырымында қозғалыс ашылады.

Алматы облысында Үкімет басшысына ұзындығы 314 шақырым болатын «Өскемен – Талдықорған» автожолының шығыс учаскесін реконструкциялау жұмыстары, ұзындығы 180 шақырым болатын «Үшарал – Достық» автожолын салу жобасы туралы баяндалды.

Премьер-Министр Шығыс Қазақстан және Алматы облыстарының жолдары бойынша құрылыс жұмыстарының қарқынын күшейтуді тапсырды.

# КЕН ҚАЗҒАН ҚАЗЫНАҒА ЖОЛЫҒАДЫ

**Қыркүйек айының алғашқы жексенбісінде мұнайшы қауым төл мерекесін атап өтеді. Биыл Қазақ мұнайының игеріле бастағанына 121 жыл толды.**

Қазақтың қазыналы даласына бұрғы салынып, алғашқы мұнай фонтаны атқылағалы бері «қара алтын» секторы ел экономикасының тірегіне айналды. Бүгінде бірқатар кен алаңдары цифрландырылып, жаңа буын зауыттар іске қосылды, кен орны ашылды. Отандық мұнай секторы – республикалық бюжеттің негізгі табыс көзі. Әлемдік мұнай нарығындағы күрделі ахуалға қарамастан, бұл сала әлі де бюджет қалыптастырудағы жетекші позициясында тұр.

Ал Сыр мұнайының тарихына келсек, 1985 жылы 6 маусымда КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің «Қазақ ССР-дегі Құмкөл кенішін пайдалануға беруді ұйымдастыру» туралы бұйрығы шықты. Қазақстанның Жезқазған облысындағы Арысқұм иінінің мұнайгаздылығын зерттеген мамандар мол қазынаға жолықты. Қазақ ССР Геология министрлігі «Оңтүстік Қазгеология» бірлестігі жүргізген зерттеулер қорытындысында көпқабатты Құмкөл кенішін ашты. 1987 жылдан бастап кеніште игеруге әзірлікті бастау үшін тиісті орындарға тапсырмалар жүктелді. 1986 жылдың 1 шілдесінде Қызылорда қаласында «Маңғыстаумұнай» бірлестігінің құрамына кіретін «Құмкөл» кенішін игеру жөніндегі дирекция құрылды.

Құмкөл кенішінің ашылуы – Сыр өңірінің мұнайлы өлке ретінде дамуы мен өнеркәсіптік аймаққа айналуының негізін қалады. Өңірімізде мұнай-газ кластері толықтай қалыптасты. Содан бергі уақытта Сыр мұнайы экономиканың өркендеуін жеделдетті. Бірақ соңғы жылдары облыста мұнай өндіру көлемі бірнеше есеге қысқарды.

Сарапшылардың айтуынша, өңірдің мұнай-газ саласының ресурстық әлеуетін одан әрі арттыруға перспективалы шөгінді бассейндер мен Арал теңізінің акваториясын кең ауқымды зерделеу ықпал ететін болады. Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарында «Шу-Сарысу», «Оңтүстік Торғай», «Сырдария» шөгінді бассейндерін геологиялық зерттеу де қамтылған, онда көмірсутек қорларын анықтау қарастырылған.



Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

# «ОРАЛМАН» СӨЗІН АУЫСТЫРУ ТУРАЛЫ БҰЙРЫҚ ШЫҚТЫ

**ҚР Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғынбаевтың бұйрығына сәйкес, «оралман» термині «қандас» болып өзгертілді.**

Аталған бұйрық 2021 жылы қаңтар айында күшіне енеді. Бұйрықта жазылғандай, тұрақты тіркеуі жоқ қандастар тұрақты тұруға рұқсатты және Қазақстан Республикасының азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен алу үшін ПД бастығының атына және біруақытта азаматтық мәселелері бойынша шешім қабылдайтын кез келген мемлекеттің лауазымды адамына шетел азаматтығынан бас тартқаны туралы нотариалды куәландырылған жазбаша өтінішхатпен (өтінішпен) жүгіну керек.

Еске сала кетейік, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Оралман» сөзінен бас тартып, «қандас» дегеніміз жөн болатынын айтқан еді. «Мен бұдан бұрын да тарихи отанына келген қазақтарды «оралман» деп атаудан бас тартып, «қандас» дегеніміз жөн болады деген едім. Жеті атасын білетін халыққа «қандас» деген ұғым жарасады», – деді Президент.

Сондай-ақ, Мәжіліс «қандас» атауын енгізетін заң жобасын мақұлдады.

КӘСІБИ МЕРЕКЕ

# МҰНАЙШЫЛАРДЫҢ МЕРЕЙІ ҮСТЕМ



**Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Мұнай-газ саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай бірқатар сала мамандарымен кездесіп, құттықтады.**

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

– Сыр мұнайы – экономиканың негізгі локомотиві. Жалпы, өңірдегі өнеркәсіп өндірісінің 60 процентке жуығы мұнай-газға тиесілі. Өкінішке қарай, жыл сайын өндіру көлемі азаюда. Десе де, біз Үкіметпен бірлесе отырып, жаңа жобаларды жүзеге асыруды қолға алудамыз. Ел Президенті Жолдауда мұнай химиясы мен газ өңдеу өндірісін дамытуды тапсырды. Алдымызда шикі мұнайды нарыққа шығармай, оны өңдеп, мұнай-химия өнімдерін шығаратын өндіріс орындарын ашу міндеті тұр, – деді облыс әкімі.

Сонымен қатар, өңір басшысы карантин кезінде жұмыс орнын сақтап қалған және медициналық құралдар алуға көмек көрсеткен мұнай-газ компанияларына алғысын жеткізді.

Жалпы, жаңа кен орындарын барлау мақсатында 2019-2022 жылдарға республикалық бюджеттен 11 млрд теңге бөлу қарастырылуда. Бұл қаржыға «Шу-Сарысу», «Сырдария», «Оңтүстік-Торғай» үш шөгінді мұнай-газ бассейнін геологиялық зерттеу жоспарланып отыр. Биыл Шу-Сарысу бассейніне 700 млн теңге бөлініп, зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі таңда аймақта 22 мұнай компаниясы жұмыс жасаса, оның 11-і өндірумен, 11-і барлаумен айналысады. Бүгінде салада 14 мыңға жуық жұмысшы бар. Кездесуде Қызылорда облысының мұнай-газ саласы қауымдастығының төрағасы Айтбай Көшербай, сала ардагері Жалғасбай Ағымов пен «ҚазГермұнай» біріккен кәсіпорынының бас директоры Мұрат Мұстафаев сөз алып, өз лебіздерін жеткізді.

Жиын соңында аймақ басшысы бірқатар сала қызметкерлерін облыстың Құрмет грамотасымен марапаттады.

# ӘКІМ ГРАНТЫ: Жарқын болашаққа жолдама

**Жеті жылдан бері облыс әкімінің гранты сырбойылық мыңдаған студентке тағайындалды. Жуырда олардың қатары тағы да толықты. Биыл педагогика, медицина, ақпараттық қауіпсіздік мамандықтарына грант көбірек қарастырылған. Грант кімдерге бұйырды?**



## ТОҚЖАН МЕН ТАМАША – ГРАНТ ИЕГЕРЛЕРІ

Биыл 17 жастағы Тоқжан Тайыр облыс әкімінің грантын иеленді. Енді ол Қорқыт ата атындағы университетте тегін білім алуда. Болашақ мүсінші-дизайнер. ҰБТ-дан жинаған балл мемлекеттік білім грантына жеткіліксіз болғанымен, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мамандары әкім гранты бойынша бақ сынауды ұсынған еді. Көп кешікпей-ақ сүйінші хабар жетті!

Ал, 19 жастағы Тамаша Абдали *(суретте)* үшін бұл мүмкіндік өзі армандаған «Дәстүрлі өнер» мамандығында білім алуына жол ашты. Кешенді тестілеуден 104 балл жинап, алғашында Алматыдағы оқу орнына тапсырып көрді. Бұйырмады. Есесіне, көпбалалы отбасында өскендіктен әкім гранты арқылы Қорқыт ата атындағы университетте білім алуда.

– Биыл «Болашақ» колледжін қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітірдім. Педагог болу жауапты, қызықты мамандық, бірақ халықтың баға жетпес қазынасы жыр-термені орындауға деген ықыласым бәрінен асып түседі. Сондықтан өнер жолын таңдадым. Әкім гранты арқылы осындай мүмкіндік берілгені үшін қатты қуандым, – деді Тамаша Темірханқызы.

15-бет

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫ 2020 ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

# ДАҒДАРЫСТАН КЕЙІНГІ ДАМУДЫҢ АЙҚЫН ЖОСПАРЫ

**«Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Президент Жолдауынан туындайтын міндеттер облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың жетекшілігімен өткен дөңгелек үстел отырысында талқыланды.**

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

Аймақ басшысы стратегиялық құжат – дағдарыстан кейін экономика мен азаматтардың әл-ауқатын қалпына келтірудің айқын және нақты жоспары екенін айтты. Жолдауда пандемия кезіндегі әлемдік дағдарыстан шығу жолы көрсетілді. Ол негізгі 11 бағытты қамтиды.

– Президент мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісін жүйелі түрде жүзеге асыруды тапсырды. Мұны мемлекеттік басқару, кадр саясаты, шешім қабылдау жүйесі мен оны орындау жауапкершілігіне қатысты көзқарасты өзгертуден бастау керек екенін жеткізді. Мемлекеттік қызметкерлер санын биыл – 10, келесі жылы 15 процентке қысқартып, үнемделген қаржы есебінен 2021 жылғы 1 шілдеден кейін факторлық-балдық шкала негізінде ақы төлеуді жүктеді, – деді облыс әкімі.

Екіншіден, мұнай саласының даму кезеңі аяқталып келетін секілді. Бұл экономиканы әртараптандыруға жол ашады. Осы орайда өңір басшысы индустрияландыру картасындағы жобалардың арасынан жүзеге асатынын ғана қалдыру, биылдың еншісіндегі жобаларды көп созбай индустрияландыру картасына енгізу, индустриялық аймақтарды жаңа бастамалармен толықтыру керектігіне тоқталды. Инвестиция тарту, отандық тауар және қызмет түрлерін экспортқа шығару міндеті күрделі ахуалға қарамастан жалғасуы тиіс. Инвестиция тарту бойынша биылғы меже – 230 млрд теңге. Бұл мақсатта 2023 жылға дейінгі даму жоспары бекітілді.

Асыраушы саланы алға бастыруда жеке қосалқы шаруашылықтардың әлеуеті пайдаланылады. Өйткені өнімнің басым бөлігі (ет – 82, сүт – 84, жұмыртқа – 67 процент) осыларға тиесілі. Бұл, біріншіден, 86 мың үй шаруашылығын тұрақты жұмыспен қамтамасыз етуге, екіншіден, жалпы аграрлық өндірісті кем дегенде 3-4 есе ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Одан бөлек, Мемлекет басшысы Үкіметке даму жолында өңірлердің өзіндік ерекшелігін ескеруді, баспана мәселесін шешу бағытындағы жұмысты сапалы әрі тиімді жүргізуді, «Аңсаған сәби» жобасы аясында экстракорпоралды ұрықтандыру бағдарламалары бойынша бөлінетін квота санын 7 есе көбейтуді тапсырды. Жолдауда білім саласын дамытуға басымдық берілді.

– Республикалық бюджет қаржысы есебінен 22 мыңнан астам компьютер алынуда. Елді мекендерде интернет жылдамдығын арттыру бағытында байланыс операторларымен бірлескен жұмыс жүргізілді. «Педагог мәртебесі» туралы заң аясында 30 мыңнан астам педагогтың жалақысы 25 процентке артты. Алдағы жылы ол тағы осынша көлемде көбейеді. Бұдан бөлек, функционалдық міндеттеріне және санаттарына қарай қосымша 30-50 процент үстемақы төленуде, – деді облыс әкімі.

Ал денсаулық сақтау жүйесінде кадр тапшылығы – өзекті мәселе. Биыл Қызылордаға 86 жас маман тартылса, соның 51-і ауылдарға барды. Дегенмен, тағы 143 дәрігердің орны бос.

Жолдауда экология және биологиялық қорғау туралы да айтылды. Осы орайда алдағы 5 жылда аймақтың мемлекеттік орман қорын 30 млн, елді мекендерді 1 млн-нан астам талтерекпен толықтыру көзделіп отыр.

– Мұны науқаншылыққа айналдырмауымыз қажет. Тал егу керек екен деп, суы жоқ құрғақ жерге жаппай көшет отырғызу мүлдем болмауы тиіс, – деді өңір басшысы.

Соңғы жылдары қатты сезілген су тапшылығын сейілту мақсатында «Қараөзек», «Күміскеткен» су қоймаларын тездетіп салу жоспарланды. Одан бөлек, тауарлы балық өсіру көлемін 2030 жылға қарай 20 есе ұлғайту міндеті тұр. Маңызды құжатта халық үніне құлақ асатын Үкімет қалыптастыру, цифрландыру бағытында жүйелі жұмыс атқару жайы сөз болып, азаматтардың мемлекетті басқару ісіне қатысуы ескерілді.




– Мемлекеттік биліктің бірқатар институтын реформалау жоспарланған. Соның бірі – ауыл әкімдерін сайлау. Мемлекет басшысы бұл саяси реформалардың бастамасы екенін атап өтті. Заңға өзгеріс енгізілгесін ауыл әкімдерін аудандық, қалалық мәслихат депутаттары емес, ауыл тұрғындары сайлайды, – деді облыс әкімі.

Жиында Жолдау жүктеген міндеттер талқыланды. Облыстық мәслихат хатшысы Қылышбай Бисенов әлеуметтік сала қызметкерлерінің жалақысын көбейту туралы бастаманы қолдап, мұны стратегиялық маңызды шешімге теңестірді. Сондай-ақ отандық ғылым саласын қолдауға негізделген тапсырманы қуаттай түсті.

– Ғылымды қаржыландыру мен қолдау мәселесі жылдар бойы шешімін таппай келгені мәлім. Ірі кәсіпорындардың, әсіресе, шикізат саласындағы компаниялар табысының 1 процентін ғылым мен технологияға бағыттау талабы сақталмай отыр. Қаржы көп жағдайда компаниялардың өз ішінде бөліске түседі. Мемлекет басшысының Үкіметке оны жинақтау ісін орталықтандыруды, бюджет арқылы жалпыұлттық ғылыми басымдыққа сай бөлінуін қамтамасыз етуді тапсыруын отандық ғылымға жасалған қамқорлық деп түсінемін, – деді ол.

Кәсіпкерлікті қолдау шараларына байланысты «Атамекен» ҰКП облыстық филиалының директоры Ғалымбек Жақсылықов хабарлама жасады.

– Пандемия кезінде несие, өзге де төлемдер толық көлемде жұмыс бастамаған кәсіп иелері үшін айтарлықтай проблемаға айналды. Еліміздегі эпидемиологиялық ахуалға орай қабылданған шектеу шаралары әлі де толық қуаттылықта бизнес жүргізуге мүмкіндік бермей отыр. Жолдаудың салаға қатысты тұсы бизнес өкілдері үшін аса маңызды болды, – деді ол.

Қызылордада 11 мыңнан астам субъект карантин талабының зардабын айтарлықтай тартты. Сала өкілдерінің 31 проценті қысқартуға ұшырап, 32 проценті жалақысы сақталмайтын еңбек демалысына жіберілгені сауалнама нәтижесінде белгілі болды. Кәсіпкерлер үшін тағы бір түйткіл – облыс пен қала, аудандардың бас санитарлық дәрігерлерінің қаулыларындағы үлкен алшақтық. Осы ретте филиал басшысы қаулыны келісім арқылы қабылдауды ұсынды. Өйткені бизнес иелерінің құқығы бұзылмағаны керек.

«Абай-Даулет» ЖШС директоры Мұрат Сәрсенбаевтың айтуынша, шетелдіктерге жер сатылмайтыны туралы мәлімдеме көптің күмәнін сейілтті. Сондай-ақ меценат ауыл халқын жұмыспен қамту, тұрмыс деңгейін көтеру сияқты шешімдерді тұрғындар зор ықыласпен қабылдағанын жеткізді.



# ӨЗЕКТЕНДІРУ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРУІ ТИІС

**Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен халықты жұмыспен қамту және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша мәжіліс өтті. Облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов халықты жұмыспен қамту бағытында 8 айда атқарылған жұмыстардың қорытындысын баяндап, негізгі көрсеткіштерді атап өтті.**



Жыл басынан 8 ай ішінде «Жұмыспен қамту» бағдарламасына қатысушы ретінде 23246 адам белсенді шаралармен қамтылған. Техникалық және кәсіптік даярлау жұмыстарына 1515 адам жолданған. Қысқа мерзімді оқытуға 1000 адам жоспарланған, оның 830-ы қамтылып, жоспар 83 процентке орындалған.

Облыс әкімі мемлекеттік бағдарламаларды орындау арқылы межелі индикаторға жету қажеттігін атап өтіп, қысқа мерзімді курсты оқыған азаматтардың 75 проценті тұрақты жұмыспен қамтылуы тиіс деді.

Өңірде жаппай кәсіпкерлік дамыту бағытында «Бастау Бизнес» жобасы бойынша 2150 адамды оқыту көзделсе, бүгінгі күні 2113 адам қамтылған. Ал, кәсіпкерлердің бастамаларын қолдау мақсатында 824 адамға шағын несие беру жоспарланған. Аймақ басшысы аталған екі бағытты орындауда бірқатар аудандардың жұмысын жандандыру тиіс екенін айтты.

– Азаматтарға шағын несие беру арқылы кәсіпкерлерді қолдауымыз керек. 9 айдың қорытындысымен қала және аудандардың көрсеткіші 80 проценттен төмен болмауы керек. Ал, жұмыспен қамтудың белсенді шараларын аяқтағаннан кейін азаматтардың тұрақты жұмысқа орналастыру деңгейі 60 проценттен төмен болмауы тиіс. Қала, аудан әкімдері, тиісті сала басшылары жұмыс берушілермен тығыз жұмыс жасаңыздар, – деді облыс әкімі.

Жиында бос жұмыс орындарына мамандарды тарту мәселесі де айтылды. Облыс әкімі бос жұмыс орындары заңға сәйкес электронды еңбек порталында көрсетілуі тиіс, алайда көп жағдайда адамдар сырттай жұмысқа қабылданып жатқанын, мәселені тез арада реттеуді тапсырды. Сондай-ақ, жаңа жұмыс орындарын ашып, интеграциялық картаға енген жұмыс орындары бойынша жүйелі жұмыс жүргізуді қолға алу қажет.

Отырыста қаралған екінші мәселе – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру ісінің орындалуы. Медициналық ұйымдарға тіркелген тұрғындардың мәртебесін айқындау жұмыстарына қатысты «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы облыс бойынша филиалының директоры Бахыт Исмаханбетов баяндама жасады.

Жиында облыс әкімі халықты белсенді түрде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру ісіне тартып, шарттарды түсіндіріп, әлі де сақтандырылмаған азаматтарды қамту қажеттігін қаперге салды. Сонымен бірге шағын және орта бизнес субъектілерін сақтандыру ісіне өзектендіру қарқынды жүруі керек.

Биыл өңірде «Құпия пациент» бағдарламасы енгізіліп, облыстағы 21 емхана мен 7 стационардың call-орталықтары мен тіркеу бөлімдеріне қоңыраулар жасалған. Мұнан бөлек, «Qoldau-24/7» мобилді қосымшасы әзірленді. Қосымша арқылы тұрғындар МӘМС жүйесіне байланысты толық ақпарат алып, медициналық мекеменің қызметі үшін шағым қалдыра алады.

Күн тәртібіндегі мәселелерді қарай келе, облыс әкімі облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы, өңірлік кәсіпкерлік палатасы, облыстық мемлекеттік кірістер департаментімен бірлесіп, салықтық төлемнен босатылған жалдамалы жұмысшылардың мәліметтерін ақпараттық жүйеге енгізуді тапсырды. Сонымен бірге облыстық денсаулық сақтау басқармасы мен «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен» бірлесіп, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде сақтандырылмаған тұрғындардың мәртебесін толық өзектендіруді міндеттеді.

Облыс әкімі отырыс барысында айтылған тапсырмалардың орындалуын үйлестіруді облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамовқа тапсырып, аталған мәселе желтоқсан айында қайта қаралатынын назарға салды.

# БАҒА ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ БАҚЫЛАУДА

**Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова мен қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы "Анвар", "Қызылорда", "SMALL" әлеуметтік сауда үйлерінде болып, баға тұрақтылығын бағамдады. Сонымен бірге сауда нысанындағы санитарлық талаптардың орындалуын көрді.**

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

Алдымен, аймақ басшысы "Анвар" сауда үйінің жұмысымен танысты. Сауда үйінің сөресінде 8000 тауар түрі бар және тұтынушыларға арналған 5 касса жұмыс істейді. Оның ішінде 1 касса мүгедек жандарға арналған.

– Бүгінде бізде әлеуметтік маңызы бар 19 түрлі тауар арнайы бекітілген бағамен сатылады. Оның ішінде күнделікті қолданылатын күріш, макарон, ұн, қант өнімдері бар. Барлық өнім жеткілікті әрі қолжетімді. Сақтық шаралары да толығымен сақталуда, – дейді сауда үйі директорының орынбасары Гүлнұр Қуаныш.

Осы ретте қала әкімі облыс басшысына халық үшін маңызды әлеуметтік тауарлардың межелі бағасы республикалық баға талаптарына сәйкес екенін жеткізді.

Облыс әкімі мұнан кейін "Қызылорда оптомаркет" сауда желісінде болды. Сауда үйінің сөресінде 10 000 тауар түрі бар. Тұтынушыларға арналған 9 касса жұмыс жасайды. Бүгінде сауда желісінің қаладағы 5 филиалы 115 адамды тұрақты жұмыспен қамтып, халыққа қызмет көрсетеді.

Оптомаркетті аралау барысында облыс әкімі сауда желісінің басшысына күнделікті қолданыстағы азық-түлік өнімдері тапшылығының туындамауы керектігін атап өтті. Сондай-ақ, қажетті қорды жасақтау міндетін қойды.

Үшінші нысан – қаладағы ірі желі SMALL сауда үйі. Мұнда да халықтың күнделікті қолданатын азық-түлік бағалары назарға алынды.

«SMALL» сауда үйінің қала бойынша 5 филиалы бар. 100-ге жуық адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Сауда үйін аралау кезінде облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова қала әкімі мен Қызылорда қалалық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы басшысының орынбасарына ашық базарларда санитарлық нормалардың сақталуын қадағалап, тұрғындардың бетперде режимін сақтауын бақылауға алуды тапсырды. Халық жиі шоғырланатын сауда нысандарында дезинфекциялық шаралар қарқынды жүруі тиіс. Сонымен бірге, азық-түлік бағасын тұрақты бақылауда ұстап, қажетті қорды алдын ала жасақтау қажет.

– Өздеріңіз білетіндей, өңірде карантин шаралары кезең-кезеңімен жеңілдетілуде. Осыған сәйкес, Қызылорда қаласында бірқатар жұмыстар жасалды. Соның бірі – мобильдік топтар құрылып, кәсіпкерлік нысандар мен сауда орындарына зерделеу жұмыстарының жүргізілуі. Нәтижесінде сауда үйлерінің карантиндік талаптарды толық орындап жатқанын көрдік. Дегенмен, ашық базарлардағы санитарлық талаптардың сақталуын қадағалау әркез пысықталып тұруы қажет. Ол бойынша да алдағы уақытта жұмыстар жалғасатын болады, – дейді қалалық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы басшысының орынбасары Гүлмира Сыздықова.




**ТАҒАЙЫНДАУ**

## СЫРДАРИЯ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ

**Облыс әкімінің өкімімен және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі мен Сырдария аудандық мәслихатының келісімдері бойынша Сырдария ауданының әкімі лауазымына Дүйсебаев Талғат Тұрсынұлы тағайындалды.**



Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова жаңа аудан әкімін таныстырып, қызметіне сәттілік тіледі.

Талғат Дүйсебаев 1973 жылы туған. Қызылорда политехникалық институтын «бухгалтер-экономист», Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетін «заңгер» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын Жалағаш аудандық жасөспірімдер спорт мектебінде дене шынықтырушы ретінде бастаған.

1994-2004 жылдары Жалағаш аудандық білім бөлімінің есепшісі, Жалағаш ауданы әкімі аппаратының экономика және кәсіпкерлікті қолдау секторының бас маманы.

2004-2011 жылдар аралығында Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының бөлім бастығы, Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары болды.

2011-2017 жылдары – Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы, Жалағаш ауданының әкімі ретінде қызмет атқарды.

2017 жылдан бастап, осы кезге дейін облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы қызметін атқарып келді.

Облыс басшысы ауданның жаңа әкімінің қызметіне сәттілік тіледі.

## ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ

**Облыс әкімінің өкімімен және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі мен Жаңақорған аудандық мәслихатының келісімдері бойынша Жаңақорған ауданының әкімі лауазымына Рүстемов Руслан Рүстемұлы тағайындалды.**



Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова жаңа аудан әкімін таныстырып, қызметіне сәттілік тіледі.

Руслан Рүстемов 1968 жылы туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін бітірген.

Еңбек жолын Қызылорда педагогикалық институтының Қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы ретінде бастаған.

1997-2002 жылдары – Қызылорда қаласы әкімінің аппаратында маман, консультант, Қызылорда қаласы әкімінің баспасөз хатшысы, Қызылорда қалалық мәдениет бөлімінің меңгерушісі, Қызылорда қаласы әкімі аппаратының ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің меңгерушісі.

2002-2010 жылдары – Қызылорда облысының мәдениет басқармасы бастығының орынбасары, Қызылорда облысы әкімі аппаратының әлеуметтік-саяси бөлімінің меңгерушісі, Шиелі ауданы әкімі аппаратының басшысы, Шиелі ауданы әкімінің орынбасары.

2010-2019 жылдары Қызылорда облысының тілдерді дамыту басқармасының басшысы, екі мәрте Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасын басқарған, Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары, Жаңақорған ауданының әкімі, Қызылорда облысы әкімінің орынбасары болған.

2019 жылдың тамыз айынан бастап осы кезге дейін Сырдария ауданының әкімі лауазымында қызмет атқарып келді.

ПІКІР-ПАЙЫМ

# Жаңа мүмкіндіктер кезеңі



**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына арналған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауын жариялады.**

Биылғы Жолдау – стратегиялық маңыздылығымен қазіргі сындарлы кезеңде нақты міндеттер мен өзекті мәселелердің шешілуін қамтамасыз етуге бағытталған. Сондай-ақ еліміздің басына түскен пандемия кезеңінде орын алған қиыншылықтарға қарамастан, Қазақстанның одан әрі дамуын қамтамасыз ете отырып, кезек күттірмейтін мәселелерді айқындап берді.

Әлемдегі дамыған елдер саналатын мемлекеттердің өзінің экономикасын шайқалтқан бұл дағдарыс, біздің еліміздің экономикалық дамуында да көптеген қиындықтар алып келіп отыр. Шекаралардың жабылуына байланысты мемлекеттер арасындағы тауар айналымының тоқтауына, бюджет құраушы негізгі қаржы көздерінің бірі саналатын орта және шағын кәсіпкерлік саласындағы қиындықтарға қарамастан, мемлекеттік қолдау арқылы халықтың әлеуметтік әл-ауқатын одан әрі жақсарту туралы Жолдауда басым бағыттарды көрсеткен.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы бірнеше саладағы атқарылатын реформаларды атап өтті.

Мемлекеттік қызметті жүзеге асыруда біршама реформалар жүргізілгенімен, қоғамның, жұртшылықтың осы салаға деген сындарлы көзқарасы мен талабы күннен күнге артып келеді.

Сондықтан мемлекеттік қызметкерлер санын азайтып, соның есебінен олардың жалақысын көтеріп, мемлекеттік қызмет сапасын арттыру белгіленген.

Жоғарыда атап өткендей, пандемия кезінде зардап шеккен шағын және орта бизнеске субсидия берілуі, оған бюджеттен қомақты қаржы (200 млрд теңге) бөлінуі, осы саладағы азаматтарымыздың еңсесін көтеретіні даусыз, оған Жолдау жарияланған сәттен айтылып жатқан пікірлер дәлел болуда.

Неше жылдан бері халықтың көкейінде жүрген Жер мәселесіне нүкте қойылды, жеріміз шетелдіктерге сатылмайтын болды.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметін оңтайландыру, ондағы жұмыс жасайтын қызметкерлерді 50%-ға дейін қысқартып, шағын және орта бизнестің үлесін 35%-ға дейін көтеру, сол арқылы осы саладағы жұмыскерлердің үлесін 4 млн-ға дейін арттыру бүгінгі қалыптасқан қиындықтан шығудың негізгі жолдарының бірі болып белгіленіп отыр.

Алдағы үш жылда мұғалімдер мен дәрігерлердің жалақысын өсіру арқылы осы сала қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайын көтеру, стратегиялық маңызды шешім деп қабылдаймыз, себебі халықтың білімі мен денсаулығы қашанда ұлтымыздың болашағының кемел кепілі.

Бүгінде елімізде кеңінен жүргізіліп келе жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті одан әрі күшейту, еліміздің тірегі болып саналатын, ауылдың гүлденуі, елдің гүлденуі екені баршамызға мәлім.

Сонымен қатар Президентіміздің бірқатар стратегиялық мәселелерді қоғамның талқылауына шығаруы өте маңызды.

Оның ішінде әкімдерді сайлау, петиция құру, жергілікті өзін-өзі басқаруды реформалау және шешім қабылдау үдерісіне азаматтардың көптеп қатысуын қамтамасыз ету мәселелері бар.

Мұның бәрі «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының әрі қарай жүзеге асырыла беретінін білдіреді.

Осындай нақты бастамаларды ескеріп, Президент Жолдауы – жан-жақты пысықталған, Қазақстанның дағдарыстан кейінгі даму бағытын және ұлттық басымдықтарды анықтап берген құжат.

Алдағы уақытта Мемлекет басшысының барлық бастамасын іске асыру үшін тиісті заңдар қабылданатыны айтылды.

Мемлекет басшысы Жолдауда атап өткен тағы бір маңызды мәселе отандық ғылыми-зерттеу және тәжірибелік–конструкторлық жұмыстарын қаржыландыруға байланысты. Жылдар бойы шешімін таппай келе жатқан мәселе – ғылымды қаржыландырудың және қолдаудың маңызды көзі ірі кәсіпорындардың, әсіресе шикізат саласындағы компаниялардың қаражаты.

Бүгінгі күні тапқан табыстың 1(бір) пайызын ғылым мен технологияны дамытуға беру туралы қолданыстағы норма талаптары сақталмай отыр. Көп жағдайда бұл қаражат компаниялардың ішінде бөлініске түсіп келеді.

Сондықтан Мемлекет басшысының Үкіметке осы қаражатты жинақтау ісін орталықтандыруды және оның бюджет арқылы жалпыұлттық ғылыми басымдыққа сай бөлінуін қамтамасыз етуді тапсыруы отандық ғылымды дамытуға жасалған мемлекет тарапынан зор қамқорлық болып табылады.

Сондай-ақ, Жолдауда соңғы кездері қоғамда қызу талқыланып жүрген экологиялық білім және жануарларды қорғау мәселесі де назардан тыс қалмаған.

Мемлекет басшысы, Қазақстанда табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, апаттан зардап шеккен халықты эвакуациялау, оған шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсету, өрт секілді тілсіз жаумен күресу, адамдарды құтқару секілді қиындығы ғаламат, мәселелерді шешетін Төтенше жағдайлар министрлігін қайта құруды тапсырды.

Биылғы Жолдаудың мазмұнын саралай отырып, бұл ұрандатып, жеткен жетістігімізбен мақтанатын уақыттың өткенін, сондықтан, қолда барды ұқсатып, қиындықтан қиналмай шығудың негізгі бағыт-бағдарын айқындап берген тарихи маңызы ерекше құжат екенін түсінеміз.

Мемлекет басшысының елімізді сындарлы кезеңнен алып шығу жолындағы ұсынған Жолдауын жүзеге асыру, баршамыздың жауапкершілігімізді арттырып, баянды белестерге бастайтынына сенеміз.

**Қылышбай БИСЕНОВ,**
**облыстық мәслихат хатшысы**

# Бағыт айқындаған басты құжат

**Ата Заңымыздың 25 жылдық мерекесі, Білім күні Мемлекет басшысының Парламенттің қос палатасының бірлескен отырысындағы еліміздің дағдарыстан кейінгі кезеңдегі даму мақсаттарын айқындайтын «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауына жалғасты.**

Аталған маңызды құжатта негізгі басымдық экономикалық және әлеуметтік мәселелерге бағытталып, дәл бүгінгі күннің сұранысына толық жауап беріп тұр. Өйткені, Жолдауда ел өмірінің барлық саласындағы ең күрделі мәселелер қамтылған және еліміздің әр саласындағы жағдай, қоғамдағы түрлі көңіл-күйдің Мемлекет басшысының басты назарында екендігін байқауға болады.



Жолдауда қазіргі күрделі жағдайдағы осал тұстарымызбен қатар ұтымды жақтарымыз да таразыланып, жаңа жағдайдағы Қазақстанның алдында тұрған бірнеше іс-қимыл бағыттары айқындалған. Соның ішінде Заң үстемдігі орнықпаса және азаматтардың қауіпсіздігіне кепілдік берілмесе, әлеуметтік-экономикалық дамудың бірде-бір міндеті табысты жүзеге асырылмайтындығы Жолдауда жан-жақты айтылған. Өйткені, азаматтарының лайықты өмір сүруіне жағдай жасау, құқықтарын қорғау, заң үстемдігін қамтамасыз ету, жемқорлыққа қарсы күресті күшейту – әрбір мемлекеттің басты міндеті.

Мемлекет басшысы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – бұл, шын мәнісінде, «Әділетті мемлекет» құру тұжырымдамасы. Азаматтардың мәселелерін тыңдап, көріп қана қою жеткіліксіз. Ең бастысы – дұрыс және әділ шешім шығару қажет», – дей келе, еліміздің қазіргі жағдайдағы талабына қарай құқық қорғау және сот жүйелеріне реформа қажеттігіне баса назар аударады.

Сонымен қатар Президент жемқорлықтың пайда болу себептері мен оның алдын алу жұмыстарының сапасына, жемқорлыққа апаратын факторларды анықтау үшін мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордың нормативтік актілері мен жұмыс үдерісіне жемқорлыққа қарсы күрес тұрғысынан арнайы талдау жүргізілуіне ерекше мән берілу керектігіне тоқталды.

Осы бағытта Жолдаудағы тағы бір ерекшелік – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жаңа тәсілдерін енгізу, атап айтар болсақ: сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасағандарға шартты түрде мерзімінен бұрын босату шарасын қолданбау, жемқорлықпен ұсталғандардың мемлекеттік қызметте және квазимемлекеттік секторда жұмыс істеуіне өмір бойы тыйым салатын қағиданы қатаң сақтау, сыбайлас жемқорлық деректері туралы хабарлаған адамдарды заң жүзінде қорғайтын жүйе қалыптастырудың қажеттігі.

Мемлекет басшысы мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектордың қоғам алдындағы ашықтығын және есептілігін қамтамасыз етуге жол ашатын «Қоғамдық бақылау туралы» заң жобасын әзірлеп, Парламент қарауына ұсынуды тапсырды.

Осы орайда Қоғамдық кеңестердің рөлін арттыруды, оларды сатып алуды ұйымдастыратын комиссиялардың жұмысына тарту қажеттігін, квазимемлекеттік секторда да қоғамдық кеңестер құру мүмкіндігін қарастыруды да алға тартты. Сонымен қатар, Қоғамдық кеңестердің құрамына түрлі әлеуметтік топ өкілдерін кеңінен тарту, әсіресе, мүмкіндігі шектеулі адамдардың осындай ұйымдардың жұмысына араласып, өз үндерін жеткізуі үшін қолайлы жағдай жасау керектігін де баса айтты.

Қоғамдық кеңес – ол бақылаушы, тексеруші орган емес, ол – халықтың мұң-мұқтажын, көңіл-күйін билікке жеткізіп, бірлесе шешім шығаруға ықпал ететін консультативті кеңесші орган. Міне, ізгілік тұрғысынан алғанда, бұл кеңеске де артылар жауапкершілік аз емес.

Мемлекет басшысы өткен жылғы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа алғашқы Жолдауында: «Билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыруға болады. Осы мақсатпен біз белгілі қоғам өкілдерін қамтитын Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құрдық» деген болатын.

Міне, аталған кеңес жыл аясында азаматтық диалогты дамыту ісіне тың серпін беріп, «Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» жаңа заң қабылдануына, «Саяси партиялар туралы», «Сайлау туралы» заңдарға біршама өзгерістер енгізілуіне ықпал етті. Алда Қоғамдық кеңеске үлкен сенім артылған жаңа Жолдаудан туындайтын тапсырмаларды орындау міндеті тұр.

Мемлекет басшысы демократияның басты жауы – білімсіздік пен популизм екендігін, азаматтардың осыны естен шығармау керектігін айта келіп, жаңа жағдайдағы Қазақстанның іс-қимыл реформаларын жүзеге асыру үшін азаматтардың қолдау білдіретініне үлкен сенім артты.

Ұсынылған жаңа реформалардың табысты жүзеге асуы әрбірімізден адалдықты, әділдікті, отаншылдықты және үлкен жауапкершілікті, уақыт талабына сай ұстанымымызды жаңаша өзгертуімізді талап етеді.

**Б.САЙЛЫБАЕВ,**
**облыстық қоғамдық кеңес төрағасы,**
**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыстық департаменті жанындағы қоғамдық үгіт-насихат тобының жетекшісі**

# Көліктік медицинаның көкжиегі кең

**Мемлекет басшысы өз Жолдауында медицинаның дамуына тың серпін берілетінін атап өтті. Әсіресе, ауылдық елді мекендердегі тиімді денсаулық сақтау жүйесін жетілдіруге 3 жылдай уақыт қажет деді. Шын мәнінде, бұл игі бастама. Мемлекетіміздің құндылығы – халық десек, халық үшін бастысы – денсаулық. Елді мекендердегі халық денсаулығы, әсіресе, өзекті.**



Мұны мен дәрігер ретінде ғана емес, сол ауылда туып-өскен, еңбек етіп жүрген азамат ретінде айтып отырмын. Көпшілік ауылдардағы тұрғындар қарапайым медициналық көмекке мұқтаж. Оның үстіне, дәріханалардың жоқтығы қиналтады. Өткенде ғана коронавирус пандемиясының ушығып тұрған кезінде қаншама ауыл адамы дәрі іздеп шарлап кетті. Менің дәрігер ретіндегі арманым осы елді мекенде кабинет ашу болатын. Осыдан 4-5 жыл бұрын сол арманға қол жеткізіп, Махамбет ауылынан шағын клиника мен дәріхана аштық. Сол кезде халық үшін дәріхананың қажеттілігіне тағы бір көз жеткіздім.

Президент алыс елді-мекендерде көліктік медицинаны жаңғыртуды қолға алуды атап өтті. Бұрындары ол сала жақсы дамыған еді. Қазір қайта жаңғыртар болса, нұр үстіне нұр болар еді.

Жалпы, биліктің халықтың мұң-мұқтажын тыңдап, заман ағымына сәйкес өзгере білуі қуантады.

**Махмуд ЕСЕНГЕЛДИЕВ,**
**дәрігер**

# «Ақ жол» Жолдауды талқылады

**«Ақ жол» Демократиялық партиясы дағдарыстан кейінгі ел дамуының мәселелеріне арналған Президент Жолдауының негізгі қағидаларын талқылады.**



Жолдауды талқылауға партия төрғасы Азат Перуашев, Орталық кеңес президиумының мүшелері, Мәжіліс депутаттары, «Ақ жол» партиясының белсенділері қатысты. Іс-шара өңірлердегі партия филиалдарымен бейнеконференция режимінде өтті.

Төраға партия мүшелеріне Жолдаудың негізгі бағыттары мен Мемлекет басшысының үкімет пен мемлекеттік органдардың алдына қойған тапсырмалары туралы хабарлады.

– Мемлекет басшысының Жолдауы маңызды бөлімдерден тұрады және белгіленген бағыттардың әрқайсысы нақты тапсырма түрінде берілді. Жолдау реформалық сипатта құрылған, – деді Азат Перуашев.

«Акжолдықтар» бизнесті қолдау жөніндегі көптеген тапсырмаларды, зардап шеккен шағын және орта бизнес секторларының барлық несиелері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, агроөнеркәсіптік кешенді қолдау, бизнес ахуалды жақсарту және тағы басқа мәселелерді атап өтті. Сонымен бірге, талқылау барысында мемлекеттік басқару саласындағы Президент тапсырмаларына, Стратегиялық жоспарлау жөніндегі Агенттігін, Реформалар жөніндегі Жоғары Президенттік кеңесті, Бәсекелістікті қорғау және дамыту жөніндегі Агенттігін құруға, мемлекеттік қызметкерлердің штатын қысқарту, жауапты хатшылар институтын таратуға қолдау білдірді.

– Бизнес партиясының өкілдері ретінде елдің жаңа экономикалық бағытының басты қағидаларының бірі болып жеке кәсіпкерліктің жетекші рөлінің аталғанын естіп қуанып қалдық, – деп атап өтті партияның Қарағанды облыстық филиалының өкілдері.

Депутат Берік Дүйсембинов Жолдауда қойылған мәселелер көп жағдайда «Ақ жол» партиясы көтеріп келе жатқан мәселелермен үндес екенін айтып және партия сайлауалды жұмысын жалғастыруға шақырды. Сондай-ақ, Мәжіліс депутаты 2018 жылы «Ақ жол» партиясының фракциясы билік өкілдерінің қос азаматтығы үшін қылмыстық жауапкершілікті енгізу туралы ұсынысы Президент тапсырмаларының ішінде айтылғанын да еске салды.

Фракция депутаттары олар бұрын көтерген өзге де мәселелер Президент Жолдауында орын алғанын, мысалы, 2017 жылдан бері шенеуніктердің штатын қысқарту, әкімдер сайлауы туралы тапсырмалар партияның бағдарламалық міндеттерінің бірі екенін еске салды.

Талқылауға қатысушылар Президент Жолдауын қолдап, «Ақ жол» ҚДП парламенттік фракциясына Жолдауды іске асыру үшін тапсырмаларды белгіледі.

# Жаңа серпін

**Жаңа оқу жылының басына тура келген ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауы білім саласы қызметкерлерінің көңілінен шықты деп ойлаймын.**



Жалпы мұғалімнің мәртебесін көтеру турасында Мемлекет басшысы Президент болып сайланғалы бірнеше рет көтергені белгілі. Енді білім қызметкерлерінің де әлеуметтік жағдайын жақсартуға ден қойып отыр. Бұл өз кезегінде мұғалімдерге жаңа серпін беріп, алдағы уақытта заман талабына сай, білімпаз жаңа буын мамандарды дайындауға септігін тигізері анық.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы мектепке дейінгі бала тәрбиесіне баса назар аударды. Шындығында, қазір мектепке дейін баланың көңілі қызығатын, балабақшадан басқа, ойын алаңдары мен ізденіс үйірмелері өте аз. Егер алдағы уақытта мемлекет осы мәселені толыққанды қарауына алатын болса, бір жағынан жас баланың зияткерлігі дамып, екінші жағынан бала санының өсуіне алып келер еді.

Пандемия кезіндегі қашықтан оқыту – бұл уақытша құбылыс. Сол себепті мемлекетке қолдау көрсетіп, әр ата-ананы баланың үйдегі алатын білімі мен тәрбиесіне аса ден қоюға шақырамын.

**Мадина ЖҮСІПБЕКОВА,**
**облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының ғылыми-сарапшылық топ мүшесі**

# «Аңсаған сәби» – көп күткен бағдарлама



**Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында еліміздің дағдарыстан кейінгі кезеңдегі даму мақсаттарын айқындап, әр сала бойынша оң өзгеріске жетелейтін жаңа бастамаларды атап өтті.**

Денсаулық сақтау саласында мәселеге айналған отандық дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдарды өз елімізде 2021 жылдан өндіріске енгізуді тапсырғаны – қуантарлық жағдай. Енді отандық медицина ғылымына көңіл бөлінсе, халқымыздың сапалы медицинаға қол жеткізу арманы орындалар еді.

Аймақтарда 13 заманауи жұқпалы аурулар ауруханасының жыл соңына дейін берілетіндігі және алдағы уақытта көпсалалы ауруханалар бой көтеріп, халыққа сапалы, қолжетімді көмек беретіндігі зор ықылас тудырды. Сонымен қатар, медицина қызметкерлерінің жалақысы орташа жалақы көлемінен 2 есе жоғарылайтындығы және кезең-кезеңімен көбейетіндігі жөнінде айтқаны сала қызметкерлерін бір қуантты. Сондай-ақ, Президент Жолдауындағы жағымды жаңалықтардың ең абзалы – «Аңсаған сәби» бағдарламасы. Бұл бағдарлама көптеген ел тұрғынының әке-ана атануға үмітін оятты. ЭКО жасайтын квота санының 7 есеге өсуі үкімет тарапынан жасалған нағыз қамқорлық деуге болады.

Мемлекет басшысы барлық елді мекен ФАО және отбасылық амбулаториямен қамтылуы қажеттігін айтып, әр өңірдің ілгері басуына ықпал ететін мәселелерді көтерді.

**Қайрат ТӘҢІРБЕРГЕНҰЛЫ,**
**облыстық тері-венерология диспансерінің бас дәрігері**

ЕРТЕҢ – МҰНАЙ-ГАЗ КЕШЕНІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

# Жаңа бассейндерге зерттеу жүргізіледі

**«Мұнайшылар күні» қарсаңында облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Ринат Сұлтангерееевпен кездесіп, Сыр елінде «қара алтын» өндірушілердің бүгінгі жағдайына байланысты аз-кем сұхбаттасқан едік.**

**– Ринат Қалдыбекұлы, мұнай және газ өндірісінің біздің облыс үшін маңызына тоқталып кетсеңіз...**

– Біріншіден, өңіріміздің мұнай және газ өнеркәсібі қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен құттықтауға рұқсат етіңіздер. «Қос тойың қабат болсын» дегендей, биыл бұл кәсіби мерекені тойлау еліміздің басты заңы – Конституцияның 25 жылдығы мерейтойымен тұспа-тұс келіп отыр.

Кезінде «Құмкөл» кенішінің ашылуы – Сыр өңірінің мұнайлы өлке ретінде дамуы мен өнеркәсіптік аймаққа айналуының негіз қалады. Өңірімізде толықтай мұнай-газ кластері қалыптасты. Содан бергі уақытта Сыр мұнайы экономикамыздың дамуына зор үлесін тигізді. Өңір экономикасының негізгі локомотиві болды.

Өкінішке қарай, соңғы 7 жылда облыста мұнай өндіру көлемі 5 млн тоннаға қысқарды. Болжам бойынша биылғы жылы тағы 1 млн тоннаға қысқарады деп отырмыз (2019 жылмен салыстырғанда). Жалпы, 2020 жылдың 7 ай қорытындысы бойынша кен өндіру өнеркәсібінің ішінде шикі мұнайдың үлесі 84%, газдандыру үлесі 64%-ті құрайды.

Жалпыөңірлік өнімнің 37%-і және өңірдегі барлық өнеркәсіп өндірісінің 70%-тен астамы мұнай өндіруге тиесілі екенін ескерсек, бұл, әлбетте, экономиканың барлық салаларына тікелей және жанама әсер ететіні белгілі. Қазіргі таңда аймақта 22 мұнай компаниясы жұмыс жасаса, оның 11-і өндірумен, 11-і барлаумен айналысады.

**– Мұнай кеніштерінің сарқылуына байланысты «қара алтын» өндірісі айтарлықтай төмендеп кеткені туралы нақты мәліметтер беріп отырсыз. Ал енді мұнай компанияларының болашақта жаңа кен орындарын игеру арқылы өнім көлемін көтеру жоспарлары бар ма?**

– Иә, мен жоғарыда атап өткенімдей, соңғы 6-7 жыл ішінде біз үшін күрделі мәселе мұнай өндіру көлемінің қысқаруы болып отыр (жыл сайын 10-12%-ке). Көмірсутек шикізатын өндіруден түсетін салық түсімдері 2013 жылмен салыстырғанда 45%-ке төмендеді (2013 жылы 597 млрд теңге, 2019 жылы 332 млрд теңге).

Бүгінгі таңда қолданыстағы кен орындары табиғи түрде таусылды немесе 95%-тен астам суланды. Мысалы, тек «ҚазГермұнай» учаскелерінде 2 мыңнан астам ұңғыма жабылды немесе консервацияланды. Сондықтан жаңа перспективалы учаскелерді барлау мәселесі өзекті болып отыр. Үкімет қаулысымен бекітілген Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарында республикалық бюджет есебінен жалпы сомасы 11 млрд теңгеге үш мұнай-газ бассейні – «Шу-Сарысу», «Оңтүстік Торғай» және «Сырдария» бассейндерін геологиялық зерделеу көзделген. Жұмыстар биыл басталды. «Шу-Сарысу» бассейнін зерттеуге республикалық бюджеттен 700 млн теңге бөлінді.



Бұдан басқа, қазіргі уақытта Энергетика министрлігінде жер қойнауын кешенді геологиялық зерттеу бағдарламасы әзірленуде. Бұл бағдарламада, сондай-ақ, 2021 жылдан бастап бұрынғы Арал теңізі түбінің акваториясын зерттеу көзделген. Мұнай өндіруші компаниялар да шетте қалмайды. Тұрақты негізде жаңа ұңғымалар бұрғылануда. Келісімшарттық міндеттемелер шеңберінде геологиялық зерттеулер жүргізіледі. Бір сөзбен айтқанда, бұл бағытта жұмыс жүргізілуде.

**– Мұнайшылардың облыстың халық шаруашылығының түрлі саласына, өнер мен мәдениетке, әлеуметтік ахуалы төмен топтарға көрсеткен демеушілік көмектері туралы жақсы білеміз. Қазір бұл бағытта мұнайшылар тарапынан көмектер көрсетіле ме?**

– Аймақтың мұнай компаниялары жыл сайын аз қамтылған отбасыларға, отбасылық типтегі балалар ауылдарына көмектеседі. Мысалы, «Мектепке жол» сияқты түрлі қайырымдылық акцияларына қатысады. Осы акция аясында тұрмысы төмен отбасылардан шыққан балаларға мектеп керек-жарақтарын сатып алады. Бұдан басқа компанияларға тұрақты негізде азық-түлік, киім, тұрмыстық техника және тағы басқа қажетті дүниелер сатып алуға көмек көрсетілетін тұрмысы төмен отбасылар бекітілген.

Мұнай компаниялары ұзақ мерзімді негізде «Арай санрайз» балалар лагерінде жыл сайын тұрмысы төмен отбасылардан шыққан 1000-нан астам балаға тегін демалыс ұйымдастырып келеді. (Биыл лагерь жұмыс істемеді). Сондай-ақ, Қазалы қаласында орналасқан 35 орындық «Шапағат» мүгедек балаларды оңалту орталығы, аз қамтылған отбаса балаларына арналған 45 орындық «Балдәурен» балабақша, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған Отбасылық үлгідегі балалар ауылындағы үйлер және аз қамтылған отбасылар бекітілген.

Әңгімелескен
**Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,**
**«Сыр бойы»**

БРИФИНГ

# Тіл мерекесі онлайн өтеді

**5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдерінің күні мерекесі онлайн форматта өтеді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова хабарлады.**

2018 жылдан бастап Тілдер мерекесі қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін қалаушысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай 5 қыркүйекте тойланып келеді. Осы орайда тілдер мерекесін атап өту үшін облыстық іс-шаралар жоспары бекітілді.

Мекемелер мен ұйымдар карантин талаптарын қатаң сақтай отырып, түрлі шаралар мен тіл жанашырларын марапаттау жиынын ұйымдастырады. Облыстағы жоғары, арнаулы орта оқу орындарында, мектептерде, мектепке дейінгі мекемелерде мерекеге орай онлайн ашық сабақтар, сайыстар өткізіледі. Кітапханаларда «Туған тілім – тірлігімнің айғағы», «Тіл – асыл қазына» тақырыбында онлайн кітап көрмесі мен бейнелекциялар жүргізіледі.

Сонымен қатар оқушылар арасында облыстық «Тіл мерейі – ел мерейі» атты онлайн мәнерлеп оқу және «Шешеннің тілі – шебердің бізі» атты полиглоттар байқауы қашықтан өтсе, өзге ұлт өкілдерінің қатысуымен «1001 мақал, 101 жұмбақ» интеллектуалды онлайн сайысында үміткерлер бақ сынайтын болады. Сондай-ақ, «Тілдер әлеміне саяхат» зияткерлік ойыны, ересек тіл үйренушілер арасында «Туған тілге төрден орын берейік!» онлайн марафоны, «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» атты үш тілде өлең оқу челленджі мен «Тіл – татулық тірегі» атты мерекелік онлайн концерт көпшілік назарына ұсынылады.

Мереке аясында «Тілді сүю – талбесіктен» акциясы, тіл жанашырларының қатысуымен дөңгелек үстел және көп тілді меңгерген жастар арасында сұхбат өткізіледі. Қала мен аудандарда да мұндай іс-шаралар жалғасын табатын болады.

Барлық іс-шаралар әлеуметтік желілерде #5QYRKÚIEK #TİL MEREKESİ хэштегтерімен жарияланады.

# Қоғамдық кеңес қызметі жандана түсті

**Облыстық қоғамдық кеңес мүшелері халықтың атқарушы органдарға өтініші мен талабын жеткізуде өз міндетін жоғары деңгейде атқарып келеді. Бүгінгі күнге дейін көптеген түйткілді мәселелердің оң шешім табуына үлкен үлес қосты. Бұл жөнінде облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Бақытжан Сайлыбаев өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте кеңінен айтып берді.**

Өңірде кездесіп отырған кейбір мәселелер бойынша кеңес мүшелері елмен жүздесіп, олардың мұң-мұқтажын тыңдауға назар аударып отыр. Сол тақырыптарды атқарушы органдарға жеткізіп, олардың оңтайлы шешілуіне көңіл бөледі. Кезінде кеткен олқылық салдарынан Байқоңырдағы қазақ мектептері ресейлік оқу стандарты бойынша білім беруге мәжбүр болды. Бүгінде бұл мәселе оңтайлы шешімін тапты.

Қызылорда қаласында тұрмыстық қатты қалдықтар жиналатын полигон проблемасы ұзақ жылдан бері өзекті тақырыпқа айналды. Қазіргі таңда ол үшін жаңа орын белгіленді. Десе де, ескісін көму мәселесі толық шешіле қойған жоқ. Сондай-ақ, облыс орталығында кейбір мектептерде оқушы санының артық болу жағдайы кездеседі. Қалада адамдар саны артып, жаңа тұрғын аудандары пайда болды. Дегенмен, бұл аумақтарда жаңа мектептер салу өзекті мәселенің бірі саналады.

Елімізде қатерлі індеттен қорғану мақсатында білім саласы қашықтан оқыту жүйесіне көшті. Бұл орайда интернет жетімсіздігі алдыңғы кезекте тұрады. Өңірде 11 елді мекенге интернет тарту қиын тиіп тұрған жайы бар.

Облыстық қоғамдық кеңес мүшелері осындай мәселелер бойынша елмен жүздесіп, олардың өтініш-талаптарын тыңдады. Олардың оңтайлы шешілуін басты назарда ұстайтын болады.

# Егін орағы енді қызады

**Бұл күндері Қазалы ауданы мен Қызылорда қаласына қарасты күріш алқаптарында ғана егін орағы бастала қойған жоқ. Облыста күрішке орақ салу жұмыстары 22 тамыз күні басталса, қазіргі кезде 3715 гектар алқапқа орақ салынып, оның 1622 гектары бастырылған.**

Өңірлік коммуникациялар қызметінде егін орағына байланысты өткен брифингте облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшысы Сейілбек Нұрымбетов осындай мәліметтер келтірді. Оның айтуынша, күріш танаптарында бекітілген кестеге сай 89,2 мың гектардың суы байланған, ол барлық күріш егістігінің 99,7% құрайды. Шаруашылықтарда егін жинау және дала жұмыстарына қатысатын техникалар толық дайын.

Операторлар дизель отынының әр литрін 165 теңгеден жеткізуде.

Басқарма басшысы қазіргі таңда күріштен басқа ерте егілетін дәнді дақылдар толығымен жиналып, майлы және малазықтық дақылдар мен картоп, көкөніс, бақша дақылдарын жинау жұмыстары жүргізіліп жатқанын жеткізді. Жалпы егін жинау жұмыстарын 15 қазаннан кешіктірмей, толық аяқтау көзделіп отыр. Бүгінде күріштің әр гектарынан орташа 43 центнерден өнім алынуда. Мамандар болжамына сәйкес, биылғы жиналатын өнім өткен жылғы көлемнен (бастапқы салмақпен 530 мың тонна күріш салысы) кем болмайды.

Брифингте БАҚ өкілдері естіген соңғы жаңалық – қыркүйектің 19-20 күндері Нұр-Сұлтан қаласында Қызылорда облысының ауылшаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесі өткізілетіндігі туралы болды. Жыл сайын өткізіліп келе жатқан дәстүрлі шарада елорда тұрғындарына негізінен күріш, балық, бақша, көкөніс өнімдері ұсынылатын болады.

# Көмірдің 25 проценті жеткізілді

**Қызылордада орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған көпқабатты тұрғын үйлердің 70 проценті жылу маусымына дайын. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жаңабаев мәлімдеді.**

Бүгінде коммуналдық кәсіпорындардың – 84, әлеуметтік нысандар мен автономды бу қазандықтарының 86 проценті жөнделді. Ал қыстың қамы үшін қажет көмірдің әзірге тек 25 проценті жеткізілді.

– Аймақ басшысы тарапынан Қызылорда қаласы мен аудан әкімдеріне қазан айына дейін қатты отынның 70 процентін жеткізу туралы тапсырма берілді. Алайда, ауа райының жылы болуына байланысты тұрғындар әкелінген көмірді сатып алуға асығар емес. Халық арасында осы бағытта түсіндіру жұмысы жүргізіліп келеді, – деді Е.Жаңабаев.

Бағаның өсуіне жол бермеу мақсатында тиісті кәсіпорындармен тікелей келісімшарт жасау шаралары атқарылып жатыр. Оның ішінде жоғары сұранысқа ие Шұбаркөл көмірінің құны – 15-16 мың теңге аралығында.

**«СБ» ақпарат**

**Ел экономикасының күретамыры – мұнай-газ саласында еңбек етіп, «қара алтынды» игеруге елеулі үлес қосқан майталмандар жетерлік. Солардың бірі – Батырбековтер отбасы. Көпшілік бұл отбасыны мұнайшылар әулеті ретінде таниды.**

Sb Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

# Мұнайшылар әулеті



Суретті түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

Отағасы Өміртай Батырбеков осы салада абыройлы қызмет атқарып, зейнетке шықты. Жары Дарша Абдуллаева ең алғаш Құмкөл кеніші игеріле бастаған кезде жауапты істің жүгін арқалады.

– Бала күнімде әке-шешемнен айырылдым. Ерте еңбекке араластым. 1965 жылы Алматы қаласындағы политехникалық институтты бітірдім. Екі жыл сонда қызмет істедім. Туған елге келгеннен кейін «Құмкөл» кенішінде жұмысты жалғастырдым. Мұнай компаниясында түрлі қызметтер атқардым, – дейді Ө.Батырбеков.

Дарша Абдуллаева Сыр өңірінде мұнай игеріле бастаған қиын кезеңді бастан өткерді. Ардагер сол шақты үнемі еске алып, немерелеріне әңгімелеп беруден жалыққан емес.

– Құмкөл кеніші ашылғанда жұмыс бастап кету оңай соққан жоқ. Жергілікті тұрғындар емес, мұнайлы өлкенің мамандары шақырылды. Нысандар енді салынып жатқан. Жатақхана, асхана сынды орындар вагондарға орналастырылды. Жол мәселесі де қиын болды. Күніне 200 шақырым жол жүреміз. Оған бір күн уақыт кетеді. Жол деген аты ғана, ойдым-ойдым. Жұмысшылардың ас-суы мен жатын орнын ұйымдастырдық. Бастапқыда 4 адам жұмыс істедік. Әйел адамға тіпті ауыр. Келеңсіз оқиғалар да жиі орын алатын.

Бірде кешкі сағат алты шамасында қаладан жұмысшыларға тамақ жеткізу үшін жолға шықтық. Сол күні ауа райы да қолайсыз болды. Дала тастүнек. Шопыр екеуміз ғана. Жолдан әбден адастық. Не керек кешенге таң бозарып қалған кезде табан тіредік. Осы сәт есімнен кетпейді. Негізі мен Атыраудың қызымын. Қаладағы тәуір қызметімді тастап, осы іске кіріскенде көпшілік таңғалды. Айдалада құм суырған жер. Көлік болмаса, «АН-2» ұшағымен ұшамыз. Бұл уақыт та өтті. Қазір жағдай түзелді. Көптеген мәселе шешімін тапқан, – дейді ол.

Қос мұнайшының ұл-қыздары да осы мамандықты таңдапты. Ата-анасының жолын қуып, мұнайшы болғанын мақтан етеді. Бүгінде олар еліміздегі ірі кен орындарының білікті мамандарына айналды. Үлкен қызы Салтанат Қазақ политехникалық институтын геолог мамандығы бойынша бітіріп, қазіргі кезде «Торғай-Петролеум» АҚ мұнай компаниясында еңбек етсе, екінші қызы Айнұр ірі мұнай кен орны саналатын «Теңізшевройл» компаниясында қызмет атқарып жүр. «Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» дейді халқымыз. Әке жолын жалғаған ұлы Елдос та осы саланың дамуына өз үлесін қосуда. Келіні Айгүл Қалыбаева да мұнай компаниясында жауапты қызмет атқарады. Жалпы, Батырбековтер династиясының осы саладағы еңбек өтілі 115 жылға жуықтады.

Өміртай Батырбеков биыл 76 жасқа аяқ басты. Әлі тың. Жергілікті мұнай компаниялары жиындарға шақырып, сый-сияпат көрсетеді. Жастармен кездесіп, бұл саланың қыр-сырын әңгімелеп беруден шаршамайды.

«Біз қиын уақытта жұмыс жасадық. Маман тапшылығы болды. Мұнай саласын ілгерілету үшін бар күш-жігерімізді салдық. Күндіз-түні еңбек етуге тура келді. Үй бетін көрмей, жұмыс басында түнедік. Қазір шүкір ғой. Ірі мұнай кеніші жұмыс жасап тұр. Жергілікті халық та бұл саланы меңгерді. Техника жаңарды» дейді сала ардагері.

Расында, еңбекпен өсіп, көктеп-көгерген әулеттің өнегелі ісі – көпке үлгі. Бүгінде Өміртай ата мен Дарша анамыз – немерелерінің қызығына бөленіп, бақытына кенелген жандар.

# Кен орындары барланады

**Кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Ринат Сұлтангереев, «ҚазГермұнай БК» ЖШС бас директоры Мұрат Мұстафаев, «Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ вице-президенті Болат Көшербаев журналистермен жүздесті. Жүздесу барысында өңірдің мұнай-газ саласында атқарылып жатқан жұмыстар барысы таразыланды.**

Басқарма басшысы елімізде Қызылорда облысын мұнай-газ кластері қалыптасқан өңір ретінде санайтынын атап өтті. Бұл сала өңірдің экономикасын дамыту бағытында жетекші рөлге ие болып отыр. Биылғы жылдың жеті айының ішінде өңдеу өнеркәсібінің ішіндегі шикі мұнайдың үлесі 84 процентті құрайды. Қазіргі таңда облыста 22 мұнай компаниясы жұмыс істейді. Олардың 11-і өндірумен айналысса, қалғаны барлау ісімен шұғылданады. Соңғы жылдары аймақта мұнай көлемінің қысқаруы көрініс беріп отыр. Сондықтан жаңа кен орындарын барлау мәселесі күн тәртібіндегі негізгі тақырыптың біріне айналған. Елімізде жаңа мұнай кен орындарын табу мақсатында «Шу-Сарысу», «Оңтүстік Торғай», «Сырдария» бассейндерін геологиялық зерттеу көзделген. Сондай-ақ, Арал теңізінің акваториясын зерттеу назарға алынып отыр.

«ҚазГермұнай БК» ЖШС және «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ мекемелерінде 2 мыңнан астам адам қызмет атқарады. Пандемия салдарынан кейбір қиындықтар туындағанына қарамастан, оларда ешқандай қысқарту жағдайы кездескен жоқ. Жалақы көлемі де толық сақталды. Компаниялар бұрынғы жылдарда қалыптасқан үрдіс бойынша өңірдің әлеуметтік саласына қол созып келеді.



# Мерейлі мереке салтанаты

**5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдерінің күніне орай «Достық үйінде» дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Маңызды жиынға облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова қатысып, айтулы күн – ел мерекесіне айналғандығына тоқталды. Тілдің тұғыры да, тағдыры да бесіктен, отбасынан басталатынын, сол үшін де қазақ тіліне деген құрметті арттыру керектігін алға тартты.**

Sb Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы»

Шараға халықаралық «Қазақ тілі қоғамы» бірлестігі облыстық филиалының төрағасы Сәдуақас Аңсат, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры, доцент, филология ғылымдарының кандидаты Аман Абасилов, «Таза тіл» жастар тобының мүшелері қатысып, тіл мәселесі төңірегіндегі орамды ойларын ортаға салды.

– Қазақ тілі – әлемдегі алты мыңға жуық тілдің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы мен көркемдігі, орамдығы жағынан алғашқы ондықтар қатарында. Сондай-ақ, ол дүние жүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жүз тілдің және мемлекеттік мәртебеге ие екі жүз тілдің қатарында тұр. Елімізде жыл сайын атап өтілетін тіл мерекесін ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен орайластырғанымыздың да өзі бір жеңіс деп білемін. Тіл болмаса, сөз де болмайды. Ал сөз болмаса, адамзаттың тірлігінде мән-мағына болмайтынын ұмытпау қажет, – деді А.Абасилов.

Мерейлі мерекеде тіл жанашырларының мерейі үстем болды. Облыстағы тіл саясатын жүргізуге атсалысып жүрген бірқатар азаматтарға облыс әкімінің, облыс әкімі орынбасарының Алғыс хаттары, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің, Тіл саясаты комитетінің Құрмет грамотасы табысталды. Сонымен қатар балаларының тегі мен атын ұлттық дәстүрге сай қойған ата-аналарға туу туралы куәліктер берілді. Ең жақсы сыйлық – кітап. Шара соңында барлық қатысушыларға мән-маңызы мол кітаптар да ұсынылды.

ЕРКІН КҮРЕС

# ЕПТІ ЖЫҒА МА, БІЛЕКТІ ЖЫҒА МА?

**2011 жылдың қыркүйек айы еді. Түркияның Стамбул шаһары. Еркін күрестен ересектер арасында әлем чемпионаты өтіп жатқан уақыт. Қазақстандық балуан Дәулет Ниязбеков қола жүлдеге қол жеткізді. Бұл Қызылорда облысындағы еркін күрестің толағай табысы болды. Жергілікті жанкүйерлер елдің намысын абыроймен қорғаған қаршадай қара баланың құтты қадамына сүйсінді.**

Sb Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»



Айтулы аламаннан Дәулеттің алтын медальмен қайтуы да мүмкін еді. Беделді бәсекеде тұңғыш рет бақ сынады. Соған қарамастан, қызылордалық балуан жеңімпаздар тұғырында бой көрсетті. ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Әбутәліп Амановтың да сол сәтте иығынан жүк түскендей күй кешкені рас. Көңілде өкініш те жоқ емес. Шәкірті алтынға қолсозым жерде қарсыласына есе жіберді. Әлемде еркін күрестен ел алдында жүретін өзге мемлекеттер баршылық. Сондықтан Дәулеттің сол жолғы қоласының өзі жоғары бағалауға тұрарлық еді.

Белгілі бапкер Дәулетті бала кезінен біледі. Оны еркін күреске алып келген өзі еді. Ол уақытта Жаңақорғанда спорт мектебі директоры қызметін атқаратын. Дәулеттің анасы сол мектепте шаруашылық қызметінде еңбек ететін. Қыста көмір жағып, күл шығарып жататын. Сол сәтте Дәулет анасына қолғабыс жасайтынын байқады. Бір күні бапкер он жастағы баланың зілдей екі шелекті қыңқ деместен көтеріп бара жатқанын көрді. Бұл күнделікті көрініс еді. Жас баланың шыдамдылығы, еңбекқорлығы, жауапкершілігі бапкердің көңілінен шықты. Өзінің ойын Дәулеттің анасына жеткізді. Алғашқыда бірден келісім бере қойған жоқ. Ойлана келе, анасы баласының болашағына ақжол тіледі.

Дәулет бірден-ақ еркін күрестің қыр-сырына қанығуға құлықты болды. Тынымсыз жаттығу оның сағын сындыра алған жоқ. Намысшыл өрен кездескен әрбір қиындықтан кейін алға қарай өршелене түсті. Шәкіртінің осы қасиеттері білікті бапкерді тәнті етті.

– Спортшыға, ең алдымен, мінез қажет. Өйткені, оны алда талай жарыс күтіп тұрады. Қаншама қарсыласпен боз кілем үстінде тайталасқа түседі. Сол сәтте жігерлі, қайратты, шымыр балуан қарсыласын қапы қалдырады. Мен шәкірттерімнің физикалық дайындығына мән беремін. Әрбір жас өренді спортқа енді келгеннен шаршатып алмауымыз керек. Оларға бірден салмақ салсаң беті қайтып қалуы да ғажап емес. Сондықтан жасөспірімдерді дайындауда тиімді әдістеме қажет деп ойлаймын, – деді бапкер бізбен әңгімесінде.

Ол кісінің айтуынша, әлемнің кейбір мемлекеттерінің балуандарды дайындауда өз тәжірибесі бар. Бізде де бапкерлер ұзақ жылдан бері жиналған сондай әдіс-тәсілдерге сүйенеді. Десе де, кейбір олқылықтар кездеседі. Үйірмеге енді қатысып жүрген жас өрендерді түрлі жарыстарға алып барып, сол жерде жүлдегерлер қатарынан көрінуге ұмтылыс жасалады. Алайда, оның арғы жағында қаншама проблема көлденеңдеп жатады. Жас спортшыға көп салмақ түседі. Бұл жағдайда үлкен өмірге енді қадам басып келе жатқан баланың меселі қайтып қалуы әбден мүмкін.

– Өкінішке қарай, бүгінгі күнге дейін біздің елімізде Әлем және Олимпиада чемпионы атанған балуан жоқ. Бәлкім, оның себебі біз айтқандай жағдайға байланысты шығар. Ресейде Якутия деген аймақ бар. Онда 800 мыңнан астам адам тұрады. Тұрғындар саны біздің облыспен шамалас. Сол өңірдің өзінен қаншама мықты балуандар шықты. Біз олардың спортшы дайындау ісіне мән беріп көрдік пе? Тағы бір оқиға ойға оралады. Бір әріптесім Болгарияға барып бапкерлік жасауға келісімге келеді. Қомақты жалақысы бар. Ол біздегі тәжірибе бойынша шәкірттеріне тәлім береді. Күндердің күнінде оған жергілікті басшылар спортшыларға үлкен салмақ салмау жөнінде ескерту жасайды. Ақырында ол қызметінен кетуге мәжбүр болды. Өйткені, ол елде балуандар дайындаудың өз әдістемесі бар. Байқағанымыз, көптеген елде талантты жастарды ересектер арасындағы беделді бәсекелерге дейін шаршатып алмауға тырысады. Тіпті, олар жасөспірімдер мен жастар арасындағы сан алуан сайыстарда жүлделі орындарда көрінбеуі де мүмкін. Ал әрбір спортшының бабы мен бағы қатар сыналатын Олимпиада және Әлем чемпионатында қарсыласын алып та, шалып та жығатын шымыр жігіттер жарқ етіп көрінеді. Біз бұл жағын да ескеруіміз тиіс, – дейді бапкер өмірлік тәжірибесіне сүйеніп.

Рас, көптеген жанкүйер көкейінде «Бізде еркін күрестен неге Олимпиада және Әлем чемпионы шыққан жоқ?» деген сауалдың жүргені анық. Шынында, тәуелсіз ел атанғаннан бері қазақстандық спортшылар қаншама беделді бәсекелерде бақ сынап қайтты. Дегенмен, әлі күнге дейін қоржынға алтын медальдің түспеуі бәрімізді алаңдатады.

– Әбеке, білікті маман ретінде бұған қандай пікір айтасыз?

Ағамыз бұл сауалға бірден жауап қайыра қойған жоқ. Асықпай ойланып алды. Содан кейін әңгіме желісін одан әрі өрбіте түсті.

– Оған бір сөзбен жауап беру оңай тимес. Оның бірнеше себебі бар. Әрбір дүбірлі додаға осал спортшы келмесі анық. Бәрі де жеңімпаз тұғырынан көрінуді қалайды. Оған қайсысы дайын? Бұл жерде мен тек балуанның физикалық дайындығын сөз етіп отырған жоқпын. Спортшы психологиялық тұрғыдан да осал түспеуі керек. Жеңіске жету жолында әрбір балуан түрлі тәсілдерге барады. Сол айлаға түсіп қалмауы қажет. Кейде төрешілер тарапынан бұра тарту жағдайы да кездеседі. Сондықтан боз кілем үстіндегі белдесуде балуан барлығына дайын болуы тиіс. Осыдан кейін ғана олар жоғары нәтижеге қол соза алады, – деді ағамыз.

Білікті бапкер кейбір балуандардың психологиялық тұрғыдан әлсіздік танытып алатын жағдайын жасырған жоқ. Оған байланысты мысал да келтіріп өтті. Шәкірттерінің бірі еңбекқорлығымен көзге түсетін. Оның түрлі додада чемпион атануына барлық мүмкіндігі бар еді. Сондай сын сәттерде ол қарсыласына есе жіберіп қойып жүрді. Сол әдетінен арыла алған жоқ. Ақырында өз шешімімен үлкен спорттан қол үзуіне тура келді. Қысқасы, әрбір үміткердің өзіне деген сенімі жоғары болуы тиіс.

Қайбір жылдары елімізде сырттан спортшылар шақыру белең алып кетті. Өкініштісі, күресте олардың арасынан Олимпиада мен Әлем чемпионатында чемпион тұғырынан көрінген ешкім болған жоқ. Оның себебі де белгілі. Ешкім өзінің мықтысын шетке жібере қоймайды. Өзінің елінде жарқырап көріне алмаған балуан қайда болса да, сол деңгейден жоғары шыға алмайды. Айта кетерлігі, қазір күрес өнерінде жергілікті балуандар жақсы көрініп келеді. Олардың арасынан олқылықтың орнын толтыратын шымыр жігіттер шығады деген үміт бар.

– Кезінде Қызылорда облысы еркін күрестен соңғы орындарды місе тұтып келді. Еліміздің өзге өңірлеріндегі балуандар біздің жігіттерді қарсылас көрмейтін. Менің бұл салада еңбек етіп келе жатқаныма қырық жылға жуықтады. Қазірге дейін облыста спортты дамытуға қаншама күш жұмсалды. Нәтижесін көріп жүрміз. Еркін күрестен талай шеберді дайындап шығаруға мүмкіндік туды. Біздің облыстан ересектер арасында жоғары нәтижеге қол созып жүрген Ғалымжан Өсербаев сынды көптеген жастар бар. Жер-жерде ашылып жатқан спорт кешендерінде еркін күрес үйірмелері бар. Оларда шеберлігі шыңдалған жастар шоғыры өсіп келеді. Келешек кемерінде сол өрендер арасынан өрелі биікті бағындыра алатын талай мықтының шығатынына үміт артамын. Бұл бағытта жергілікті мамандар ерекше еңбек сіңіріп жүр, – деді ол.

Дүние жүзін дүрбелеңге салған қатерлі індет спортқа да елеулі салқынын тигізді. Жастар күнделікті жаттығу жиындарынан шет қалып қойды. Бұл оларға біршама қиындық алып келетіні сөзсіз. Өйткені, олар күнделікті жаттығу жасап, сан алуан сайыстарда шеберлігін шыңдай түседі. Биыл халықаралық, республикалық және облыстық турнирлер өткізуге рұқсат етілмейді. Төрт жылда бір мәрте жалауын желбірететін Олимпиаданың өзі кейінге шегерілді.

– Дәулеттің Олимпиадаға жолдама алғанын жанкүйерлер жақсы біледі. Қазір сол айтулы аламанға дайындығын пысықтауда. Ол 2012 жылы Лондон Олимпиадасында жүлдеге қолсозым жерде қалып қойды. Өзім де сырқаттанып ол жаққа бара алмай қалдым. Оны бала кезінен күреске баулып келемін ғой. Дәулеттің қыр-сырына қанықпын. Бәлкім, оның тәжірибесі аздық еткен шығар. Ол уақытта жиырмадан енді асқан шағы. Қателік жіберуі ғажап емес. Содан бері он жылға жуық уақыт өтті. Тәжірибесі молайды. Шеберлігін шыңдады. Ендігі кезекте жанкүйер көңілінен шығатын көрсеткішке қол созады деген ойдамын, – деді ол.

Әрбір бапкер шәкіртінің толайым табысқа қол созғанын қалайды. Қазір еркін күрестен облыстың аға бапкері қызметін атқаратын Әбутәліп Аманов сол жолда ұзақ жылдан бері тынымсыз еңбек етті. Сыр өңірінде талай талантты тауып, олардың биік белестерді бағындыруына дұрыс жол сілтеді. Бүгінде Қызылорда облысының еркін күрестен елімізде алдыңғы қатардан көрініп жүргені соның жемісі екені айдан анық.



**Қызылорда облыстық мәслихатының шешімі**

**24 тамыз 2020 жыл** **№453** **47-сессия** **Қызылорда қаласы**

# 2019 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есепті бекіту туралы

2019 жылға арналған түзетілген облыстық бюджет кірістер бойынша 100,4 пайызға атқарылған (256 558 781,4 мың теңге жоспар 257 494 495,6 мың теңгеге орындалған), оның ішінде бюджеттің өз кірістері 104,1 пайызға (23 093 264,0 мың теңге жоспар 24 028 978,2 мың теңге) орындалып, 935 714,2 мың теңге артық түскен.

2019 жылдың қорытындысымен облыстық бюджет шығындар бойынша (бюджеттік кредиттер мен қаржылық активтерді сатып алуды қоса алғанда) 99,7%. Жете игерілмегені 956 470,9 мың теңге, оның ішінде республикалық бюджет қаражаттары – 682 105,2 мың теңге, жергілікті бюджет қаражаттары – 274 365,7 мың теңге.

Негізінен бюджет қаржысын игермегендер қатарында: «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 696 400,6 мың теңге (98,2%), «Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 90 511,6 мың теңге (99,6%), «Қызылорда облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі – 76 201,4 мың теңге (99,5%), «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 41 159,0 мың теңге (99,8%), «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобильдер жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 10 166,6 мың теңге (99,9%), «Қызылорда облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 16 527,4 мың теңге (95,7%), «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 4 921,3 мың теңге (99,6%).

Сонымен қатар, республикалық және облыстық бюджеттерден аудандар мен Қызылорда қаласына бөлінген нысаналы трансферттер бойынша 1 102 288,4 мың теңге игерілмеген.

Бюджет қаржысын игеруде 599 498,7 мың теңге дебиторлық және 38 304,2 мың теңге кредиторлық қарыз қалыптасқан.

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV кодексінің 130-бабының 3-тармағына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 заңының 6-бабының 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2017 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есеп 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 257 494 495,6 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 21 090 713,3 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 2 901 907,3 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер – 36 357,6 мың теңге;

трансферттер түсімі – 233 465 517,4 мың теңге;

2) шығындар – 251 931 033,7 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 11 169 739,7 мың теңге, оның ішінде;

бюджеттік кредиттер – 14 125 179,9 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 2 955 440,2 мың теңге;

4) қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдо – 3 764 912,0 мың теңге, оның ішінде;

қаржы активтерін сатып алу – 3 764 912,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - -9 371 189,8 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) -9 371 198,8 мың теңге, оның ішінде;

қарыздар түсімі – 13 584 772,4 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 2 997 198,2 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 1 216 384,5 мың теңге.

2. Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының 2016-2020 жылдарға арналған Қызылорда облысының даму бағдарламасының нысаналы индикаторларына қол жеткізуі баяндамасы қаперге алынсын.

3. Қызылорда облысының тексеру комиссиясының 2019 жылғы арналған облыстық бюджеттің атқарылуын бақылау нәтижелері туралы есебі бекітілсін.

4. Қызылорда облысының әкімдігіне:

1) қаржының игерілмеуіне жол берген бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне ағымдағы қаржы жылының көрсеткіштерін жақсарту бойынша тиісті шаралар қабылдау;

2) Облыстық басқармалар (бюджеттік бағдарламалар әкімшілері) басшыларына және аудандар және Қызылорда қаласының әкімдеріне бөлінген нысаналы трансферттерді игеруі және оларға мониторинг жүргізу жауапкершілігін жүктеу;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бюджеттік жоспарлаудың және бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру мониторингінің нәтижелері бойынша ұсынылатын есептердің сапасын арттыру;

4) Қызылорда облысының даму бағдарламасын іске асыру және бюджеттің атқарылуы барысында кемшіліктерді болдырмау мақсатында тиісті шаралар қабылдау ұсынылсын.

5. Осы шешім қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

**Қызылорда облыстық мәслихатының 47-сессиясының төрағасы** **Ә. Дауленбаев**

**Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы** **Қ. Бисенов**

Қызылорда облыстық мәслихатының 2020 жылғы
«24 » тамыздағы № 453 шешіміне 1-қосымша

## 2019 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы туралы есеп

мың теңге

| Бюджеттік бағдарламаның кодтары | | | | Атауы | Есепті қаржы жылына түзетілген бюджет | Кассалық атқарылуы | Айырмасы (4 бағ. -3 бағ.) | Орын-далу пайызы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | Кірістер | 256 558 781,4 | 257 494 495,6 | 935 714,2 | 100,4 |
| | | | | Салық түсімдері | 20 696 174,5 | 21 090 713,3 | 394 538,8 | 101,9 |
| 1 | | | | Салықтық түсімдер | 20 696 174,5 | 21 090 713,3 | 394 538,8 | 101,9 |
| | 01 | | | Табыс салығы | 4 870 600,0 | 4 989 107,6 | 118 507,6 | 102,4 |
| | | 2 | | Жеке табыс салығы | 4 870 600,0 | 4 989 107,6 | 118 507,6 | 102,4 |
| | | | 01 | Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы | 4 457 534,0 | 4 617 120,0 | 159 586,0 | 103,6 |
| | | | 02 | Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы | 341 509,0 | 312 386,2 | -29 122,8 | 91,5 |
| | | | 05 | Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы | 71 557,0 | 59 601,4 | -11 955,6 | 83,3 |
| | 03 | | | Әлеуметтік салық | 4 681 801,0 | 4 854 355,6 | 172 554,6 | 103,7 |
| | | 1 | | Әлеуметтік салық | 4 681 801,0 | 4 854 355,6 | 172 554,6 | 103,7 |
| | | | 01 | Әлеуметтік салық | 4 681 801,0 | 4 854 355,6 | 172 554,6 | 103,7 |
| | 05 | | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 11 143 773,5 | 11 247 250,1 | 103 476,6 | 100,9 |
| | | 3 | | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 11 049 991,5 | 11 131 566,3 | 81 574,8 | 100,7 |
| | | | 03 | Жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем | 4 196,0 | 4 604,0 | 408,0 | 109,7 |
| | | | 04 | Орманды пайдаланғаны үшін төлем | 13 849,0 | 19 696,7 | 5 847,7 | 142,2 |
| | | | 16 | Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақы | 11 031 946,5 | 11 107 265,5 | 75 319,0 | 100,7 |
| | | 4 | | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 93 782,0 | 115 683,9 | 21 901,9 | 123,4 |
| | | | 33 | Жұмыс берушілерге Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым | 93 782,0 | 115 683,9 | 21 901,9 | 123,4 |
| | | | | Салықтан тыс түсімдер | 2 361 049,9 | 2 901 907,3 | 540 857,4 | 122,9 |
| 2 | | | | Салықтық емес түсімдер | 2 361 049,9 | 2 901 907,3 | 540 857,4 | 122,9 |
| | 01 | | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 220 817,1 | 229 003,5 | 8 186,4 | 103,7 |
| | | 1 | | Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері | 39 847,7 | 39 847,7 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 02 | Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері | 39 847,7 | 39 847,7 | 0,0 | 100,0 |
| | | 5 | | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 39 791,6 | 46 002,6 | 6 211,0 | 115,6 |
| | | | 04 | Облыстың коммуналдық меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 39 791,6 | 46 032,8 | 6 241,2 | 115,7 |
| | | | 05 | Облыстың коммуналдық меншігіндегі тұрғын үй қорынан үйлерді жалға беруден түсетін кірістер | 0,0 | -30,2 | -30,2 | 0,0 |
| | | 7 | | Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар | 141 177,8 | 143 153,2 | 1 975,4 | 101,4 |
| | | | 03 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына облыстық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар | 22 121,0 | 22 121,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 06 | «Мамандандырылған ұйымдарға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар» | 119 056,8 | 121 016,3 | 1 959,5 | 101,6 |
| | | | 16 | Қаржы агентіктеріне үкіметтік сыртқы қарыз қаражаты есебінен жергілікті бюджеттен ішкі көздер есебінен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар | 0,0 | 15,9 | 15,9 | 0,0 |
| | 02 | | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер | 0,0 | 120,0 | 120,0 | 0,0 |
| | | 1 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер | 0,0 | 120,0 | 120,0 | 0,0 |
| | | | 02 | Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер көрсететін қызметтерді сатудан түсетін түсімдер | 0,0 | 120,0 | 120,0 | 0,0 |
| | 03 | | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 57,0 | 403,0 | 346,0 | 707,0 |
| | | 1 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 57,0 | 403,0 | 346,0 | 707,0 |
| | | | 02 | Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақшаның түсімі | 57,0 | 403,0 | 346,0 | 707,0 |
| | 04 | | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 595 478,2 | 637 012,7 | 41 534,5 | 107,0 |
| | | 1 | | Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 595 478,2 | 637 012,7 | 41 534,5 | 107,0 |
| | | | 05 | Облыстық бюджеттен қаржыландыратын мемлекеттік мекемелер салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 19 526,1 | 23 427,8 | 3 901,7 | 120,0 |
| | | | 06 | Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың ішкі істер департаменттері, олардың аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 570 000,0 | 606 450,3 | 36 450,3 | 106,4 |
| | | | 14 | Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен алынатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар | 5 952,1 | 7 134,6 | 1 182,5 | 119,9 |
| | 06 | | | Өзге де салықтық емес түсімдер | 1 544 697,6 | 2 035 368,1 | 490 670,5 | 131,8 |
| | | 1 | | Өзге де салықтық емес түсімдер | 1 544 697,6 | 2 035 368,1 | 490 670,5 | 131,8 |
| | | | 07 | Бұрын жергілікті бюджеттен алынған, пайдаланылмаған қаражаттардың қайтарылуы | 153 911,1 | 195 382,7 | 41 471,6 | 126,9 |
| | | | 09 | Жергіліктік бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер | 400 000,0 | 394 966,6 | -5 033,4 | 98,7 |
| | | | 14 | Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары | 990 786,5 | 1 445 018,8 | 454 232,3 | 145,8 |
| | | | | Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер | 36 039,6 | 36 357,6 | 318,0 | 100,9 |
| 3 | | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 36 039,6 | 36 357,6 | 318,0 | 100,9 |
| | 01 | | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 36 039,6 | 36 357,6 | 318,0 | 100,9 |
| | | 1 | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 36 039,6 | 36 357,6 | 318,0 | 100,9 |
| | | | 02 | Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер | 36 039,6 | 36 357,6 | 318,0 | 100,9 |
| | | | | Трансферттердің түсімдері | 233 465 517,4 | 233 465 517,4 | 0,0 | 100,0 |
| 4 | | | | Трансферттердің түсімдері | 233 465 517,4 | 233 465 517,4 | 0,0 | 100,0 |
| | 01 | | | Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан алынатын трансферттер | 3 865 117,4 | 3 865 117,4 | 0,0 | 100,0 |
| | | 2 | | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерден трансферттер | 3 865 117,4 | 3 865 117,4 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 02 | Нысаналы трансферттерді қайтару | 122 311,4 | 122 311,4 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 04 | Аудандық (қалалық) бюджеттерден облыстық бюджеттің ысырабын өтеуге арналған трансферттер түсімдері | 3 742 806,0 | 3 742 806,0 | 0,0 | 100,0 |
| | 02 | | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 229 600 400,0 | 229 600 400,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | 1 | | Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер | 229 600 400,0 | 229 600 400,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 01 | Ағымдағы нысаналы трансферттер | 61 702 344,0 | 61 702 344,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 02 | Нысаналы даму трансферттері | 30 732 338,0 | 30 732 338,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 03 | Субвенциялар | 137 165 718,0 | 137 165 718,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | | Шығындар | 252 887 503,1 | 251 931 033,7 | -956 469,4 | 99,6 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 5 537 928,8 | 5 534 061,9 | -3 866,9 | 99,9 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 2 333 627,3 | 2 330 832,1 | -2 795,2 | 99,9 |
| | | 110 | | Облыс мәслихатының аппараты | 62 736,0 | 62 665,1 | -70,9 | 99,9 |
| | | | 001 | Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 61 938,0 | 61 867,1 | -70,9 | 99,9 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 798,0 | 798,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | 120 | | Облыс әкімінің аппараты | 2 048 599,6 | 2 045 879,7 | -2 719,9 | 99,9 |
| | | | 001 | Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 1 786 834,0 | 1 784 611,0 | -2 223,0 | 99,9 |
| | | | 007 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 116 774,6 | 116 298,8 | -475,8 | 99,6 |
| | | | 009 | Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу | 19 021,0 | 19 004,8 | -16,2 | 99,9 |
| | | | 013 | Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету | 125 970,0 | 125 965,1 | -4,9 | 100,0 |
| | | 282 | | Облыстың тексеру комиссиясы | 222 291,7 | 222 287,3 | -4,4 | 100,0 |
| | | | 001 | Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 209 187,1 | 209 187,1 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 13 104,6 | 13 100,2 | -4,4 | 100,0 |
| | 2 | | | Қаржылық қызмет | 2 499 082,5 | 2 498 378,5 | -704,0 | 100,0 |
| | | 257 | | Облыстың қаржы басқармасы | 2 437 824,5 | 2 437 708,9 | -115,6 | 100,0 |
| | | | 001 | Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 113 406,7 | 113 304,0 | -102,7 | 99,9 |
| | | | 009 | Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу | 637,9 | 625,0 | -12,9 | 98,0 |
| | | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысалы трансферттер | 2 323 779,9 | 2 323 779,9 | 0,0 | 100,0 |
| | | 718 | | Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы | 61 258,0 | 60 669,6 | -588,4 | 99,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 61 258,0 | 60 669,6 | -588,4 | 99,0 |
| | 5 | | | Жоспарлау және статистикалық қызмет | 304 286,6 | 304 281,6 | -5,0 | 100,0 |
| | | 258 | | Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы | 304 286,6 | 304 281,6 | -5,0 | 100,0 |
| | | | 001 | Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 175 398,6 | 175 393,6 | -5,0 | 100,0 |
| | | | 061 | «Бюджеттік инвестициялар және концессия мәселелері бойынша құжаттаманы сараптау және бағалау, бюджеттік инвестициялардың іске асырылуына бағалау жүргізу» | 102 645,0 | 102 645,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 108 | Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу | 1 850,0 | 1 850,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 24 393,0 | 24 393,0 | 0,0 | 100,0 |
| | 9 | | | Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер | 400 932,4 | 400 569,7 | -362,7 | 99,9 |
| | | 263 | | Облыстың ішкі саясат басқармасы | 115 135,0 | 115 112,7 | -22,3 | 100,0 |
| | | | 078 | Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау | 115 135,0 | 115 112,7 | -22,3 | 100,0 |
| | | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 8 774,3 | 8 773,7 | -0,6 | 100,0 |
| | | | 061 | Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту | 8 774,3 | 8 773,7 | -0,6 | 100,0 |
| | | 289 | | Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы | 217 852,0 | 217 512,8 | -339,2 | 99,8 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 154 164,0 | 153 972,9 | -191,1 | 99,9 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 619,0 | 471,0 | -148,0 | 76,1 |
| | | | 108 | Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу | 63 069,0 | 63 068,9 | -0,1 | 100,0 |
| | | 730 | | Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы | 59 171,1 | 59 170,5 | -0,6 | 100,0 |
| | | | 001 | Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 52 267,1 | 52 266,8 | -0,3 | 100,0 |
| | | | 004 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 6 904,0 | 6 903,8 | -0,2 | 100,0 |
| 02 | | | | Қорғаныс | 1 306 244,1 | 1 306 145,5 | -98,6 | 100,0 |
| | 1 | | | Әскери мұқтаждар | 207 707,9 | 207 699,6 | -8,3 | 100,0 |
| | | 296 | | «Облыстың жұмылдыру дайындығы басқармасы» | 207 707,9 | 207 699,6 | -8,3 | 100,0 |
| | | | 003 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар | 30 585,0 | 30 581,7 | -3,3 | 100,0 |
| | | | 007 | Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғанысы | 177 122,9 | 177 118,0 | -4,9 | 100,0 |
| | 2 | | | Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру | 1 098 536,2 | 1 098 445,9 | -90,3 | 100,0 |
| | | 296 | | «Облыстың жұмылдыру дайындығы басқармасы» | 1 098 536,2 | 1 098 445,9 | -90,3 | 100,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 70 060,5 | 69 971,5 | -89,0 | 99,9 |
| | | | 005 | Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру | 85 874,0 | 85 873,5 | -0,5 | 100,0 |
| | | | 009 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 13 240,4 | 13 240,4 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 014 | Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою | 866 874,6 | 866 873,9 | -0,7 | 100,0 |
| | | | 106 | Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу | 38 064,0 | 38 064,0 | 0,0 | 100,0 |

6-бет.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz Sb

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 107 | Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резерві есебінен іс-шаралар өткізу | 24 422,7 | 24 422,6 | -0,1 | 100,0 |
| 03 | | | | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 6 954 500,5 | 6 823 415,9 | -131 084,6 | 98,1 |
| | 1 | | | Құқық қорғау қызметі | 6 954 500,5 | 6 823 415,9 | -131 084,6 | 98,1 |
| | | 252 | | Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы | 6 357 827,0 | 6 281 625,6 | -76 201,4 | 98,8 |
| | | | 001 | Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 5 712 988,8 | 5 712 916,7 | -72,1 | 100,0 |
| | | | 003 | Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу | 360,4 | 360,3 | -0,1 | 100,0 |
| | | | 006 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 644 477,8 | 568 348,6 | -76 129,2 | 88,2 |
| | | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 596 673,5 | 541 790,4 | -54 883,1 | 90,8 |
| | | | 053 | Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу | 596 673,5 | 541 790,4 | -54 883,1 | 90,8 |
| 04 | | | | Білім беру | 29 597 769,2 | 29 208 066,6 | -389 702,6 | 98,7 |
| | 1 | | | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 1 695 075,2 | 1 695 075,2 | 0,0 | 100,0 |
| | | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 1 542 800,0 | 1 542 800,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 027 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 1 542 800,0 | 1 542 800,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 152 275,2 | 152 275,2 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 011 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау | 152 275,2 | 152 275,2 | 0,0 | 100,0 |
| | 2 | | | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру | 15 275 744,3 | 14 977 176,6 | -298 567,7 | 98,0 |
| | | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 9 251 376,6 | 9 251 361,1 | -15,5 | 100,0 |
| | | | 003 | Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру | 1 021 268,0 | 1 021 255,1 | -12,9 | 100,0 |
| | | | 006 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру | 1 144 111,6 | 1 144 109,0 | -2,6 | 100,0 |
| | | | 053 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 113 418,0 | 113 418,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 078 | Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен педагог-психологтарының еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 6 972 579,0 | 6 972 579,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | 285 | | Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы | 3 946 512,8 | 3 946 151,4 | -361,4 | 100,0 |
| | | | 006 | Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру | 3 489 338,8 | 3 488 977,6 | -361,2 | 100,0 |
| | | | 007 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру | 457 174,0 | 457 173,8 | -0,2 | 100,0 |
| | | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 2 077 854,9 | 1 779 664,0 | -298 190,9 | 85,6 |
| | | | 012 | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 1 949 464,9 | 1 651 274,0 | -298 190,9 | 84,7 |
| | | | 069 | Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 128 390,0 | 128 390,0 | 0,0 | 100,0 |
| | 4 | | | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру | 6 790 815,0 | 6 783 040,0 | -7 775,0 | 99,9 |
| | | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 481 735,0 | 481 735,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 043 | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 481 735,0 | 481 735,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 6 309 080,0 | 6 301 305,0 | -7 775,0 | 99,9 |
| | | | 024 | Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 3 537 983,0 | 3 537 983,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 025 | Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 2 771 097,0 | 2 763 322,0 | -7 775,0 | 99,7 |
| | 5 | | | Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру | 1 823 986,0 | 1 823 343,6 | -642,4 | 100,0 |
| | | 120 | | Облыс әкімінің аппараты | 14 250,0 | 14 249,1 | -0,9 | 100,0 |
| | | | 019 | Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту | 14 250,0 | 14 249,1 | -0,9 | 100,0 |
| | | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 105 720,0 | 105 078,5 | -641,5 | 99,4 |
| | | | 003 | Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау | 105 720,0 | 105 078,5 | -641,5 | 99,4 |
| | | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 1 704 016,0 | 1 704 016,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 052 | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау | 1 704 016,0 | 1 704 016,0 | 0,0 | 100,0 |
| | 6 | | | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру | 158 506,0 | 86 599,7 | -71 906,3 | 54,6 |
| | | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 47 086,0 | 47 085,7 | -0,3 | 100,0 |
| | | | 057 | Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету | 47 086,0 | 47 085,7 | -0,3 | 100,0 |
| | | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 111 420,0 | 39 514,0 | -71 906,0 | 35,5 |
| | | | 057 | Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету | 111 420,0 | 39 514,0 | -71 906,0 | 35,5 |
| | 9 | | | Білім беру саласындағы өзге де қызметтер | 3 853 642,7 | 3 842 831,5 | -10 811,2 | 99,7 |
| | | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 3 853 642,7 | 3 842 831,5 | -10 811,2 | 99,7 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 213 861,0 | 213 835,6 | -25,4 | 100,0 |
| | | | 004 | Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру | 10 839,0 | 10 838,7 | -0,3 | 100,0 |
| | | | 005 | Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу | 27 669,2 | 27 490,8 | -178,4 | 99,4 |
| | | | 007 | Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу | 494 476,4 | 494 445,6 | -30,8 | 100,0 |
| | | | 012 | Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу | 326 459,0 | 326 452,0 | -7,0 | 100,0 |
| | | | 019 | Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру | 17 091,0 | 17 091,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 029 | Әдістемелік жұмыс | 130 748,0 | 130 745,3 | -2,7 | 100,0 |
| | | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары | 35 852,8 | 25 286,2 | -10 566,6 | 70,5 |
| | | | 108 | Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу | 26 450,0 | 26 450,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 2 570 196,3 | 2 570 196,3 | 0,0 | 100,0 |
| 05 | | | | Денсаулық сақтау | 11 006 141,9 | 11 004 514,1 | -1 627,8 | 100,0 |
| | 2 | | | Халықтың денсаулығын қорғау | 5 543 962,5 | 5 543 557,5 | -405,0 | 100,0 |
| | | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 870 925,0 | 870 520,7 | -404,3 | 100,0 |
| | | | 006 | Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер | 181 454,0 | 181 454,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 007 | Салауатты өмір салтын насихаттау | 203 448,0 | 203 287,5 | -160,5 | 99,9 |
| | | | 041 | Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін қосымша қамтамасыз ету | 486 023,0 | 485 779,2 | -243,8 | 99,9 |
| | | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 4 673 037,5 | 4 673 036,8 | -0,7 | 100,0 |
| | | | 038 | Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау | 4 673 037,5 | 4 673 036,8 | -0,7 | 100,0 |
| | 3 | | | Мамандандырылған медициналық көмек | 1 543 718,0 | 1 543 717,5 | -0,5 | 100,0 |
| | | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 1 543 718,0 | 1 543 717,5 | -0,5 | 100,0 |
| | | | 027 | Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау | 1 543 718,0 | 1 543 717,5 | -0,5 | 100,0 |
| | 4 | | | Емханалар | 368 610,4 | 368 586,2 | -24,2 | 100,0 |
| | | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 368 610,4 | 368 586,2 | -24,2 | 100,0 |
| | | | 039 | Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін көмекті қоспағанда ауылдық денсаулық сақтау субъектілерінің амбулаториялық-емханалық қызметтерді және медициналық қызметтерді көрсетуі және Call-орталықтардың қызмет көрсетуі | 368 610,4 | 368 586,2 | -24,2 | 100,0 |
| | 5 | | | Медициналық көмектің басқа түрлері | 36 231,0 | 36 228,9 | -2,1 | 100,0 |
| | | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 36 231,0 | 36 228,9 | -2,1 | 100,0 |
| | | | 029 | Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары | 36 231,0 | 36 228,9 | -2,1 | 100,0 |
| | 9 | | | Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер | 3 513 620,0 | 3 512 424,0 | -1 196,0 | 100,0 |
| | | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 3 513 620,0 | 3 512 424,0 | -1 196,0 | 100,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 192 172,7 | 191 794,3 | -378,4 | 99,8 |
| | | | 008 | Қазақстан Республикасында ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру | 182 078,0 | 182 077,8 | -0,2 | 100,0 |
| | | | 016 | Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету | 55 328,0 | 54 530,5 | -797,5 | 98,6 |
| | | | 018 | Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер | 24 856,0 | 24 856,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 033 | Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары | 2 998 185,3 | 2 998 165,4 | -19,9 | 100,0 |
| | | | 108 | Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу | 61 000,0 | 61 000,0 | 0,0 | 100,0 |
| 06 | | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 27 097 367,7 | 27 094 491,0 | -2 876,7 | 100,0 |
| | 1 | | | Әлеуметтік қамсыздандыру | 20 369 004,1 | 20 368 980,2 | -23,9 | 100,0 |
| | | 256 | | Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 20 129 422,9 | 20 129 402,9 | -20,0 | 100,0 |
| | | | 002 | Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 319 247,0 | 319 246,4 | -0,6 | 100,0 |
| | | | 013 | Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 897 704,1 | 897 686,7 | -17,4 | 100,0 |
| | | | 014 | Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 513 659,8 | 513 658,0 | -1,8 | 100,0 |
| | | | 015 | Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 400 365,0 | 400 364,8 | -0,2 | 100,0 |
| | | | 049 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 17 910 785,0 | 17 910 785,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 056 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 87 662,0 | 87 662,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 238 779,0 | 238 775,2 | -3,8 | 100,0 |
| | | | 015 | Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру | 175 088,0 | 175 085,7 | -2,3 | 100,0 |
| | | | 037 | Әлеуметтік сауықтандыру | 63 691,0 | 63 689,4 | -1,6 | 100,0 |
| | | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 802,2 | 802,2 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 039 | Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау | 802,2 | 802,2 | 0,0 | 100,0 |
| | 2 | | | Әлеуметтік көмек | 874 325,6 | 872 925,2 | -1 400,4 | 99,8 |
| | | 256 | | Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 874 325,6 | 872 925,2 | -1 400,4 | 99,8 |
| | | | 003 | Мүгедектерге әлеуметтік қолдау | 865 145,6 | 863 745,2 | -1 400,4 | 99,8 |
| | | | 055 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 9 180,0 | 9 180,0 | 0,0 | 100,0 |
| | 9 | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер | 5 854 038,0 | 5 852 585,6 | -1 452,4 | 100,0 |
| | | 256 | | Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 5 756 162,7 | 5 754 840,1 | -1 322,6 | 100,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 120 811,2 | 120 810,7 | -0,5 | 100,0 |
| | | | 007 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 4 968,8 | 4 968,8 | -0,1 | 100,0 |
| | | | 018 | Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру | 233 322,0 | 233 320,6 | -1,4 | 100,0 |
| | | | 019 | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде еңбек нарығын дамытуға бағытталған, ағымдағы іс-шараларды іске асыру | 1 542,0 | 1 542,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 037 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде еңбек нарығын дамытуға бағытталған іс-шараларды іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 3 909 139,2 | 3 909 139,2 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 045 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсартуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 315 486,0 | 315 486,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 046 | Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту | 6 710,8 | 6 490,7 | -220,1 | 96,7 |
| | | | 053 | Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету | 21 525,0 | 21 525,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары | 15 863,0 | 14 762,5 | -1 100,5 | 93,1 |
| | | | 108 | Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу | 10 044,0 | 10 044,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысалы трансферттер | 1 116 750,7 | 1 116 750,7 | 0,0 | 100,0 |
| | | 263 | | Облыстың ішкі саясат басқармасы | 28 112,0 | 28 110,9 | -1,1 | 100,0 |
| | | | 077 | «Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру» | 28 112,0 | 28 110,9 | -1,1 | 100,0 |
| | | 268 | | Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы | 2 074,2 | 2 073,8 | -0,4 | 100,0 |
| | | | 045 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 2 074,2 | 2 073,8 | -0,4 | 100,0 |
| | | 295 | | Облыстың еңбек саласындағы бақылау басқармасы | 67 689,1 | 67 560,9 | -128,2 | 99,8 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде еңбек қатынастарын реттеу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер | 67 689,1 | 67 560,9 | -128,2 | 99,8 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 26 895 311,5 | 26 872 815,3 | -22 496,2 | 99,9 |
| | 1 | | | Тұрғын үй шаруашылығы | 12 675 899,8 | 12 675 899,8 | 0,0 | 100,0 |
| | | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 12 675 899,8 | 12 675 899,8 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 014 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері | 5 956 822,8 | 5 956 822,8 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 034 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері | 4 423 477,0 | 4 423 477,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 097 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне аз қамтылған көп балалы отбасыларға коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 2 295 600,0 | 2 295 600,0 | 0,0 | 100,0 |
| | 2 | | | Коммуналдық шаруашылық | 14 219 411,7 | 14 196 915,5 | -22 496,2 | 99,8 |
| | | 279 | | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 11 641 632,9 | 11 619 137,4 | -22 495,5 | 99,8 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 151 699,1 | 143 444,5 | -8 254,6 | 94,6 |
| | | | 010 | «Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері» | 2 499 194,4 | 2 499 194,4 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 030 | «Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері» | 4 517 507,1 | 4 517 507,1 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 032 | Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау | 3 214 339,0 | 3 214 339,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 038 | Коммуналдық шаруашылығын дамыту | 447 849,2 | 433 608,3 | -14 240,9 | 96,8 |
| | | | 108 | Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу | 52 248,0 | 52 248,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 190 440,5 | 190 440,5 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 114 | Жергілікті бюджеттерден берілетін нысаналы даму трансферттері | 568 355,6 | 568 355,6 | 0,0 | 100,0 |
| | | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 2 577 778,8 | 2 577 778,0 | -0,8 | 100,0 |
| | | | 030 | Коммуналдық шаруашылықты дамыту | 1 794 723,8 | 1 794 723,0 | -0,8 | 100,0 |
| | | | 033 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері | 783 055,0 | 783 055,0 | 0,0 | 100,0 |
| 08 | | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 12 053 719,9 | 12 030 787,0 | -22 932,9 | 99,8 |
| | 1 | | | Мәдениет саласындағы қызмет | 2 307 194,3 | 2 307 190,0 | -4,3 | 100,0 |
| | | 273 | | Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы | 1 668 800,0 | 1 668 797,0 | -3,0 | 100,0 |
| | | | 005 | Мәдени-демалыс жұмысын қолдау | 279 897,0 | 279 897,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 007 | Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету | 631 396,0 | 631 393,0 | -3,0 | 100,0 |
| | | | 008 | Театр және музыка өнерін қолдау | 757 507,0 | 757 507,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 638 394,3 | 638 392,9 | -1,4 | 100,0 |
| | | | 027 | Мәдениет объектілерін дамыту | 638 394,3 | 638 392,9 | -1,4 | 100,0 |
| | 2 | | | Спорт | 6 821 763,5 | 6 820 326,8 | -1 436,7 | 100,0 |
| | | 285 | | Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы | 6 048 589,2 | 6 047 152,8 | -1 436,4 | 100,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 317 989,0 | 317 672,8 | -316,2 | 99,9 |
| | | | 002 | Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу | 146 211,0 | 145 172,7 | -1 038,3 | 99,3 |
| | | | 003 | Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы | 5 042 401,6 | 5 042 401,6 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 005 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 9 193,0 | 9 116,9 | -76,1 | 99,2 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 313 706,1 | 313 700,4 | -5,7 | 100,0 |
| | | | 108 | Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу | 5 022,0 | 5 022,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 203 660,0 | 203 660,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 114 | Жергілікті бюджеттерден берілетін нысаналы даму трансферттері | 10 406,5 | 10 406,4 | -0,1 | 100,0 |
| | | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 773 174,3 | 773 174,0 | -0,3 | 100,0 |
| | | | 024 | «Спорт объектілерін дамыту» | 773 174,3 | 773 174,0 | -0,3 | 100,0 |
| | 3 | | | Ақпараттық кеңістік | 2 049 168,0 | 2 049 052,7 | -115,3 | 100,0 |
| | | 263 | | Облыстың ішкі саясат басқармасы | 825 497,2 | 825 435,4 | -61,8 | 100,0 |
| | | | 007 | Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер | 762 742,0 | 762 684,1 | -57,9 | 100,0 |
| | | | 010 | Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту | 62 755,2 | 62 751,3 | -3,9 | 100,0 |
| | | 273 | | Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы | 480 128,2 | 480 105,8 | -22,4 | 100,0 |
| | | | 009 | Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 208 731,0 | 208 720,0 | -11,0 | 100,0 |
| | | | 010 | Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету | 271 397,2 | 271 385,8 | -11,4 | 100,0 |
| | | 743 | | Облыстық цифрлық технологиялар басқармасы | 743 542,6 | 743 511,5 | -31,1 | 100,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету, жобалық басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 45 706,6 | 45 705,6 | -1,0 | 100,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 2 500,0 | 2 500,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 008 | «Ақпараттық технологиялар орталығы» мемлекеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету | 496 516,0 | 496 486,7 | -29,3 | 100,0 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 198 820,0 | 198 819,2 | -0,8 | 100,0 |
| | 4 | | | Туризм | 3 226,0 | 3 226,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | 289 | | Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы | 3 226,0 | 3 226,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 010 | Туристік қызметті реттеу | 3 226,0 | 3 226,0 | 0,0 | 100,0 |
| | 9 | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер | 872 368,1 | 850 991,5 | -21 376,6 | 97,5 |
| | | 263 | | Облыстың ішкі саясат басқармасы | 180 272,7 | 175 436,6 | -4 836,1 | 97,3 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 176 799,7 | 171 965,0 | -4 834,7 | 97,3 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 3 473,0 | 3 471,7 | -1,3 | 100,0 |
| | | 273 | | Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы | 310 597,7 | 310 584,6 | -13,1 | 100,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде мәдениет және архив ісін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 76 067,0 | 76 059,9 | -7,1 | 100,0 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 140 974,3 | 140 968,7 | -5,6 | 100,0 |
| | | | 108 | Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу | 52 489,4 | 52 489,0 | -0,4 | 100,0 |
| | | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 41 067,0 | 41 067,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | 283 | | Облыстың жастар саясаты мәселелері бойынша басқармасы | 381 497,7 | 364 970,3 | -16 527,4 | 95,7 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер | 25 040,0 | 25 039,7 | -0,3 | 100,0 |
| | | | 005 | Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру | 240 455,7 | 233 426,6 | -7 029,1 | 97,1 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 15 482,0 | 5 984,0 | -9 498,0 | 38,7 |
| | | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 100 520,0 | 100 520,0 | 0,0 | 100,0 |
| 09 | | | | Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану | 10 300 407,0 | 10 298 548,0 | -1 859,0 | 100,0 |
| | 1 | | | Отын және энергетика | 5 471 450,7 | 5 471 387,0 | -63,7 | 100,0 |
| | | 279 | | Облыстың Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 629 192,6 | 629 128,9 | -63,7 | 100,0 |
| | | | 007 | Жылу-энергетикалық жүйені дамыту | 510 645,0 | 510 645,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 050 | Жылыту маусымын іркіліссіз өткізу үшін энергия өндіруші ұйымдардың отын сатып алуға шығындарын субсидиялау | 52 805,6 | 52 805,6 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 081 | Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу | 65 742,0 | 65 678,3 | -63,7 | 99,9 |
| | | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 4 842 258,1 | 4 842 258,1 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 019 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне жылу-энергетикалық жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері | 4 842 258,1 | 4 842 258,1 | 0,0 | 100,0 |
| | 9 | | | Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер | 4 828 956,3 | 4 827 161,1 | -1 795,2 | 100,0 |
| | | 279 | | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 4 828 956,3 | 4 827 161,1 | -1 795,2 | 100,0 |
| | | | 070 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне газ тасымалдау жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері | 228 058,0 | 228 058,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 071 | «Газ тасымалдау жүйесін дамыту» | 4 600 898,3 | 4 599 103,1 | -1 795,2 | 100,0 |
| 10 | | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 16 267 559,1 | 16 265 698,3 | -1 860,8 | 100,0 |
| | 1 | | | Ауыл шаруашылығы | 13 708 241,5 | 13 707 070,0 | -1 171,5 | 100,0 |
| | | 255 | | Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы | 13 496 621,1 | 13 495 685,7 | -935,4 | 100,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 147 386,0 | 146 861,1 | -524,9 | 99,6 |
| | | | 002 | Тұқым шаруашылығын қолдау | 125 179,0 | 125 179,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 12 367,0 | 12 367,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 014 | Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау | 334 210,0 | 334 207,6 | -2,4 | 100,0 |
| | | | 018 | Пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру | 1 925,0 | 1 925,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 019 | Инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі қызметтер | 116 284,0 | 116 284,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 020 | «Басым дақылдарды өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағармай материалдары мен басқа да тауар-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуды субсидиялау» | 1 371 823,0 | 1 371 822,6 | -0,4 | 100,0 |
| | | | 029 | Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс- шаралар | 91 033,6 | 91 033,6 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 041 | «Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын арзандату» | 506 529,5 | 506 528,8 | -0,7 | 100,0 |
| | | | 045 | «Тұқымдық және көшет отырғызылатын материалдың сорттық және себу сапаларын анықтау» | 7 522,0 | 7 522,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 046 | «Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алуға және тіркеу» | 2 030,7 | 2 030,6 | -0,1 | 100,0 |
| | | | 047 | «Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау» | 1 846 769,0 | 1 846 769,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 050 | Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу | 4 679 080,8 | 4 678 674,0 | -406,8 | 100,0 |
| | | | 053 | Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау | 2 684 200,0 | 2 684 199,9 | -0,1 | 100,0 |
| | | | 056 | Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау | 1 442 201,0 | 1 442 201,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 059 | Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одақтарының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарын субсидиялау | 18 710,3 | 18 710,3 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 060 | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде микрокредиттерді ішінара кепілдендіру | 24 841,2 | 24 841,2 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 061 | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде микроқаржы ұйымдарының операциялық шығындарын субсидиялау | 67 500,0 | 67 500,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 17 029,0 | 17 029,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | 719 | | Облыстың ветеринария басқармасы | 211 620,4 | 211 384,3 | -236,1 | 99,9 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 42 769,0 | 42 533,3 | -235,7 | 99,4 |
| | | | 028 | Уақытша сақтау пунктына ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызметтер | 1 908,0 | 1 907,8 | -0,2 | 100,0 |
| | | | 030 | Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасына арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі қызметтерді орталықтандырып сатып алу, оларды сақтауды және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру | 166 943,4 | 166 943,3 | -0,1 | 100,0 |
| | 2 | | | Су шаруашылығы | 338 433,2 | 338 433,1 | -0,1 | 100,0 |
| | | 254 | | Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы | 338 433,2 | 338 433,1 | -0,1 | 100,0 |
| | | | 002 | Су қорғау аймақтары мен су объектілері белдеулерін белгілеу | 12 563,0 | 12 562,9 | -0,1 | 100,0 |
| | | | 003 | Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 32 782,1 | 32 782,1 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 004 | Ерекше авариялы су шаруашылығы құрылыстары мен гидромелиорациялық жүйелерді қалпына келтіру | 293 088,1 | 293 088,1 | 0,0 | 100,0 |
| | 3 | | | Орман шаруашылығы | 953 325,2 | 953 240,7 | -84,5 | 100,0 |
| | | 254 | | Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы | 953 325,2 | 953 240,7 | -84,5 | 100,0 |
| | | | 005 | Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру | 952 010,2 | 951 951,5 | -58,7 | 100,0 |
| | | | 006 | Жануарлар дүниесін қорғау | 1 315,0 | 1 289,2 | -25,8 | 98,0 |
| | 4 | | | Балық шаруашылығы | 4 200,0 | 4 200,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | 255 | | Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы | 4 200,0 | 4 200,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 034 | Тауарлық балық өсіру өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау | 4 200,0 | 4 200,0 | 0,0 | 100,0 |
| | 5 | | | Қоршаған ортаны қорғау | 1 043 990,1 | 1 043 484,1 | -506,0 | 100,0 |
| | | 254 | | Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы | 1 043 990,1 | 1 043 484,1 | -506,0 | 100,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 102 597,0 | 102 091,3 | -505,7 | 99,5 |
| | | | 008 | Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар | 368 515,6 | 368 515,4 | -0,2 | 100,0 |
| | | | 022 | Қоршаған ортаны қорғау объектілерін дамыту | 42 209,4 | 42 209,4 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 32 321,0 | 32 320,9 | -0,1 | 100,0 |
| | | | 108 | Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу | 18 083,1 | 18 083,1 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 443 531,0 | 443 531,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 114 | Жергілікті бюджеттерден берілетін нысаналы даму трансферттері | 36 733,0 | 36 733,0 | 0,0 | 100,0 |
| | 6 | | | Жер қатынастары | 119 369,1 | 119 270,4 | -98,7 | 99,9 |
| | | 251 | | Облыстың жер қатынастары басқармасы | 46 145,0 | 46 144,4 | -0,6 | 100,0 |
| | | | 001 | Облыс аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 46 145,0 | 46 144,4 | -0,6 | 100,0 |
| | | 725 | | Облыстың жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы | 73 224,1 | 73 126,0 | -98,1 | 99,9 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 73 224,1 | 73 126,0 | -98,1 | 99,9 |
| | 9 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер | 100 000,0 | 100 000,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | 255 | | Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы | 100 000,0 | 100 000,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 035 | Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру | 100 000,0 | 100 000,0 | 0,0 | 100,0 |
| 11 | | | | Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 3 194 536,8 | 3 193 862,5 | -674,3 | 100,0 |
| | 2 | | | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 3 194 536,8 | 3 193 862,5 | -674,3 | 100,0 |
| | | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 3 114 637,4 | 3 113 968,4 | -669,0 | 100,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде құрлыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 129 918,2 | 129 252,1 | -666,1 | 99,5 |
| | | | 004 | Қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу | 5 000,0 | 5 000,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 108 | Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу | 20 832,8 | 20 832,7 | -0,1 | 100,0 |
| | | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 1 795 198,5 | 1 795 198,5 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 114 | Жергілікті бюджеттерден берілетін нысаналы даму трансферттері | 1 096 487,9 | 1 096 487,9 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 129 | Түркістан облысы Арыс қаласындағы төтенше жағдайлардың салдарын жою бойынша ағымдағы іс-шаралар өткізу | 67 200,0 | 67 197,2 | -2,8 | 100,0 |
| | | 724 | | Облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы | 79 899,4 | 79 894,1 | -5,3 | 100,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 79 899,4 | 79 894,1 | -5,3 | 100,0 |
| 12 | | | | Көлік және коммуникация | 11 803 633,5 | 11 793 467,4 | -10 166,1 | 99,9 |
| | 1 | | | Автомобиль көлігі | 8 498 571,6 | 8 488 489,7 | -10 081,9 | 99,9 |
| | | 268 | | Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы | 8 498 571,6 | 8 488 489,7 | -10 081,9 | 99,9 |
| | | | 002 | Көлік инфрақұрылымын дамыту | 2 934 368,0 | 2 934 367,8 | -0,2 | 100,0 |
| | | | 003 | Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 187 485,0 | 177 579,0 | -9 906,0 | 94,7 |
| | | | 007 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне көлік инфрақұрылымын дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері | 542 676,1 | 542 676,1 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 025 | Облыстық автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу | 1 297 115,5 | 1 297 115,4 | -0,1 | 100,0 |
| | | | 027 | «Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» | 3 107 309,0 | 3 107 309,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 028 | Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру | 429 618,0 | 429 442,4 | -175,6 | 100,0 |
| | 9 | | | Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер | 3 305 061,9 | 3 304 977,7 | -84,2 | 100,0 |
| | | 268 | | Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы | 3 305 061,9 | 3 304 977,7 | -84,2 | 100,0 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде көлік және коммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 87 702,3 | 87 660,4 | -41,9 | 100,0 |
| | | | 005 | Әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық) қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын демеу қаржыландыру | 142 295,0 | 142 262,7 | -32,3 | 100,0 |
| | | | 108 | Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу | 41 126,0 | 41 116,0 | -10,0 | 100,0 |
| | | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 2 824 938,6 | 2 824 938,6 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 114 | Жергілікті бюджеттерден берілетін нысаналы даму трансферттері | 209 000,0 | 209 000,0 | 0,0 | 100,0 |
| 13 | | | | Басқалар | 20 847 955,7 | 20 480 769,8 | -367 185,9 | 98,2 |
| | 3 | | | Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау | 1 912 612,6 | 1 554 153,3 | -358 459,3 | 81,3 |
| | | 279 | | Облыстың Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 349 913,5 | 334 108,2 | -15 805,3 | 95,5 |
| | | | 024 | «Бизнестің жол картасы - 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту | 261 804,7 | 245 999,4 | -15 805,3 | 94,0 |
| | | | 052 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне «Бизнестің жол картасы - 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері | 88 108,8 | 88 108,8 | 0,0 | 100,0 |
| | | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 344 720,8 | 2 067,0 | -342 653,8 | 0,6 |
| | | | 051 | «Бизнестің жол картасы - 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту | 344 720,8 | 2 067,0 | -342 653,8 | 0,6 |
| | | 289 | | Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы | 1 217 978,3 | 1 217 978,0 | -0,3 | 100,0 |
| | | | 005 | «Бизнестің жол картасы - 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау | 10 000,0 | 10 000,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 006 | «Бизнестің жол картасы - 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау | 950 619,0 | 950 619,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 008 | Кәсіпкерлік қызметті қолдау | 49 359,3 | 49 359,0 | -0,3 | 100,0 |
| | | | 015 | «Бизнестің жол картасы - 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру | 169 000,0 | 169 000,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 027 | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде микрокредиттерді ішінара кепілдендіру | 18 000,0 | 18 000,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 082 | «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беру | 21 000,0 | 21 000,0 | 0,0 | 100,0 |
| | 9 | | | Басқалар | 18 935 343,1 | 18 926 616,6 | -8 726,5 | 100,0 |
| | | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 621 295,1 | 621 295,0 | -0,1 | 100,0 |
| | | | 058 | «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру | 35 903,1 | 35 903,0 | -0,1 | 100,0 |
| | | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 585 392,0 | 585 392,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | 254 | | Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы | 342 598,0 | 342 598,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 342 598,0 | 342 598,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | 256 | | Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 134 522,0 | 134 522,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 134 522,0 | 134 522,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | 257 | | Облыстың қаржы басқармасы | 13 064 763,9 | 13 057 263,9 | -7 500,0 | 99,9 |
| | | | 012 | Облыстық жергілікті атқарушы органының резерві | 7 500,0 | 0,0 | -7 500,0 | 0,0 |
| | | | 059 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 12 725 747,9 | 12 725 747,9 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 065 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 331 516,0 | 331 516,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 2 028 605,6 | 2 028 605,5 | -0,1 | 100,0 |
| | | | 076 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 718 780,0 | 718 780,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 079 | «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру | 384 792,6 | 384 792,5 | -0,1 | 100,0 |
| | | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 925 033,0 | 925 033,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | 268 | | Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы | 720 781,7 | 720 781,7 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 052 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 607 877,7 | 607 877,7 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 112 904,0 | 112 904,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | 273 | | Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы | 278 015,8 | 278 015,8 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 050 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 141 945,8 | 141 945,8 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 136 070,0 | 136 070,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | 279 | | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 703 620,0 | 702 620,0 | -1 000,0 | 99,9 |
| | | | 037 | «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымды дамыту» | 1 000,0 | 0,0 | -1 000,0 | 0,0 |
| | | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 702 620,0 | 702 620,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | 280 | | Облыстың индустриалдық-инновациялық даму басқармасы | 109 524,0 | 109 297,6 | -226,4 | 99,8 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде индустриялық-инновациялық қызметті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 109 524,0 | 109 297,6 | -226,4 | 99,8 |
| | | 285 | | Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы | 151 458,0 | 151 458,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 151 458,0 | 151 458,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 702 245,0 | 702 245,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 077 | «Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымды дамыту үшін берілетін нысаналы даму трансферттері» | 586 036,0 | 586 036,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 116 209,0 | 116 209,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | 743 | | Облыстық цифрлық технологиялар басқармасы | 77 914,0 | 77 914,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 77 914,0 | 77 914,0 | 0,0 | 100,0 |
| 14 | | | | Борышқа қызмет көрсету | 24 709,0 | 24 671,9 | -37,1 | 99,8 |
| | 1 | | | Борышқа қызмет көрсету | 24 709,0 | 24 671,9 | -37,1 | 99,8 |
| | | 257 | | Облыстың қаржы басқармасы | 24 709,0 | 24 671,9 | -37,1 | 99,8 |
| | | | 004 | Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету | 16 517,0 | 16 516,2 | -0,8 | 100,0 |
| | | | 016 | Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету | 8 192,0 | 8 155,6 | -36,4 | 99,6 |
| 15 | | | | Трансферттер | 69 999 718,4 | 69 999 718,4 | 0,0 | 100,0 |
| | 1 | | | Трансферттер | 69 999 718,4 | 69 999 718,4 | 0,0 | 100,0 |
| | | 257 | | Облыстың қаржы басқармасы | 69 999 718,4 | 69 999 718,4 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 007 | Субвенциялар | 64 102 962,0 | 64 102 962,0 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 011 | Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару | 114 497,3 | 114 497,3 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 017 | Нысаналы мақсатқа сай пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді қайтару | 5 189,1 | 5 189,1 | 0,0 | 100,0 |
| | | | 024 | Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер | 4 923 711,0 | 4 923 711,0 | 0,0 | 100,0 |

7-бет

# Бөріойнақ әңгімелері

**Жусан жер талғап өседі, таза топыраққа тамыр байлайды. Мұндай жусанды даланың төсін аймалап, ыстық құшағында өскен адамы да ақиық, алғыр, абыройлы болады. Жақсы мен жусанның жұпар иісі жер жүзіне жан шуағын, нәр шуағын шашады. Сыр қазағының құйқалы ел атануы да бәлкім осыдан ба екен?**



Күн қабағы апта арылтса да ашылмай, зіл батпандай тұла-бойды төмен тартып, мазаңды қашырғандай күй кешті, артынан ақпанның ортасындағы не болған ақ жауын екенін ешкім де түсінбеді, соңы, міне, үшінші тәулік майда сіркірегенімен, қыс бойы жауған ақ қар, көк мұздың көбесін сөгіп, тоң болып қатқан жердің бетін жіпсітіп те үлгеріпті. Ескі көлігі ыңыранып Жетітөбенің биігіне қарай көтеріліп келеді. Бұл жердің жолы құмшауыт, ылғал түскен сайын бойы тасайып қатқаққа айналады. Таптаурын болған жолдың екі ернеуіндегі ескі шөп-шаламы, сарғайған жусаны мен енді қылтанақтанып келе жатқан балапан сексеуіл оты бұл жермен көлік қарасының жиі өте бермейтінін білдіргендей. Ащы үнімен дыбысын беріп теміржолдың жүк вагондарын, сүйреген тепловоз да биік жонға қарай түтіні қоюланып ышқынып келеді. Міне, солға қарай енді бір күш алса, төбенің басы да тиіп тұр. Бірнеше жылдан бері қырдың да, сырдың да жолымен сенімді серігіне айналған «Нивасы» төбе басына алып шықты. Оң жақтағы ашықтау орынға көлігін қойып, әбжіл қимылмен, құмбыл сыртқа шыға берді. Әлгінде өзімен бірге өрге шығып келе жатқан теміржолдың жүк поезы да тұсынан өтіп барады. Машинисі де сыралғы серігіндей қолын көтере ишара жасады.

...Е, Шиелінің немесе Арыстың адамдары ғой, танып тұр да деген мақтаныш сезімі оянды. Осы тоқпейіл көңілмен басын көтере әлгінде жүріп өткен жолы жағына, Жалаңаш әулиенің жамбасы тиген Бөрітескен ауылына қарасымен қабағы түсіп, маңдайы қыртыстана, көңілі жабырқанып сала берді. Кен байыту зауытының биік мұржасынан көтерілген аппақ қою түтін анталап осы Жетітөбе баурайына қарай төніп келеді екен. Қаншама сүзгіден өткіземіз, залалсыз деп сендіргенмен, небір кеселдердің осыдан бастау алатынына іштей шүбәсіз сенді. «Уһ», деп тұрған жеріндегі бір топ жусан шоғырына отыра кетті. Осының әсері ме, соңғы екі-үш жылдың бедерінде аз-маз көз шырымын алса, сап тыйылатын бассақинасы да қоймайтынға айналды. Тереңнен толқып, бас сүйегінің ішін қырнап жатқандай тоқтаусыз ауырады. Осыған қосылып, мүмкін үлкен үміт артқан кішкентай ұлының мезгілсіз опат болғаны себеп болды ма екен?

Орнынан қолымен жерді сүйемелдеп ауырсына түрегелді. Әлгіндегі қунақы, ширақтық байқалмайды. Тіршілікке деген селсоқтық басым. Ынта- ықыласы, кежегесі кейін тартыңқырап қалды. Көлігінің есігін селсоқтау ашып, орнына ықылассыздау отырып, моторын оталдыра жүріп кетті. Жетітөбеден арасы екі-үш шақырымнан кейін мұның кіндік қаны тамған Бөріойнақ ауылы мен мұңдалап көрінетін Қостөбе баурайы басталады. Шіркін-ай, көзіне қанша түссе де, алғаш көргендей оттай басылатын ыстық сағынышы-ай! Бұлардың кішкентай балалық шағы адамның аспан ғаламына ұшқан сәтпен тұспа-тұс келді. Бөріойнақ ауылы бүгінгідей саусақпен санарлықтай емес, жүздің үстінен асып жығылатын, теміржолшылар әулетінің үлкен шоғыры болатын. Теміржолдың тау бетіндегі Пшан атаның, сол маңайдағы Кенжебай, Сұлтанбек ағайдың, жолдың Сыр бетінде Ділдабек көкенің ауылдары отырады. Одан бері Омар атаның, мына жағындағы Нұрділла көкенің, Бекмахан ағайдың әкелерінің, ана разъезд басындағы Жорабек, Айтбай көкелердің үйлерін айтсайшы. Ауыл ортасындағы Бөріойнақ биігі балалардың қыста шана теуіп сырғанайтын жері де, көнекөз қария, кейуана әжелерімізідің ақылдасар орны да болғанына қоса, үлкен-үлкен теміржолшы әулеттердің төбесінен қарап, құт-береке тілеп тұрар, ауылдың баталы тілекшісіндей қабылданатын-ды.

Бөріойнақ дегеннен шығады. Ілгеріде осы Қалкөз көкенің тұңғышы Жалғасбек ағалар Алматыда үлкен доғдырдың оқуын бітіріп, қағазын алып, қасында бірге оқитын бауырлары Ердешбайдың Оңласбегі, Тұтқабайдың Ерғалиы, оның орыс та болса, мұсылмандықты қабылдаған Нина келіншегі бар, ауылға жаңа келін түсіреді ғой. Алатаудың баурайында бұлағы сылдырай аққан әсем шаһарда туып-өскен сұлу қызды Бөріойнаққа әкелу оңай деймісің. Жақан ағамыз сүйіктісіне «...иә, біздің ауыл тау етегінде, аспанмен таласқан талдары Алматыңнан кем емес» деп көндіреді ғой баяғы. Түнде келіп тоқтайтын поездан түседі. Разъездің самарқау шамдары тасасынан Бөріойнақ төбесі таудай қарауытады. Разъезд басындағы қалың өскен бау көңілге ешқандай күдік ұялатпаса керек. Сөйтіп келін болып түскен жеңешеміздің аяғы құт болып, бес саусақтай қара домалақтарды дүниеге әкелді.

Осының бәрі қайдан ғана еске түсіп отыр. Әбекең селк ете қалды. Көненің көзіндей еске түсіріп отырғанда мына ескі сүрлеу жол ғой! Көліктің екі ернеуіндегі терезеден жан-жағына қарады. Беткейдің қары еріп, наурызға әне-міне қалғанын сездіргендей жер алағаттаңғандай ма, қане?! Өлмегенге – өлі балық, ішінен күбірледі, көктем де жақын қалған екен ғой. Жас кезіндегі достары Божбанбай, Шамшатхан, Әбдірахым, Есен, Бекежан, Әріпжан, Тастемір, Нызан, Нарыбек, Мейірбек – бәрі-бәрі қызғалдақ, бәйшешек теруді сылтауратып, қырға шыққан күндерді еске алды. Жалаңаяқ, борпылдақ жолмен едәуір қашықтағы осы жерге бірімен бірі жарыса жеткендей болатын. Соның бәрінің куәсіндей мына жол мен жон жатыр.

Қостөбе мен ауыл ортасындағы теміржол көпірі тұсынан өтіп барады. Аз-маз көлікті тежеп, іштей дұғасын қайырып, анасына арнап, бетін сипады. Оның да себебі бар.

Анасы Сырға келін болып түскенмен кіндік қаны тамған, туып-өскен жері Қаратаудың етегіндегі, Ақүйық өзенінің жағалауын жайлаған Омар шалдың үлкен қызы болатын. Соғыстың алдындағы уақыт. Бірі жетсе, екіншісі жетпес қу дүние. Ағайыннан шыққан белсенді Ибаділла көкесі танымас-білмес бөтен жерге сені тұрмысқа беріп жібергісі келіп жатыр дегенді естіп, осы теміржол бойындағы сағырлау жас жігіт Мәмірәліге бір түнде қашты да кетті. Қаратау қойнауындағы өзімен-өзі тыныштықта манаураған ауылындай емес, теміржол басындағы ауылдың тіршілігі қайнап жатты. Ауыл азаматтарының түгелге жуығы нәпақасын шойын жолдан табады. Қосағы Мәмірәлінің туған інісі Бегалы да теміржолшы. Тегі ақ патша Николай «Мәскеу-Тәшкен» жолын бастағанда осы маңайда тұратын қазақ жігіттерін теміржол салуға шақырған екен. Айналайын аты ардақты Әймен, Тілеуберген, Сауранбай, Сапар, Шонабай, Омар, Дүйсенбай, Мампай, Ердешбай, Әбділда, Ержан аталарымыз осы шаруаға алғаш араласқанымен мәңгі есте қалды.

Анасы марқұм айтып отыратын еді. Тұрмысқа шыққаннан кейін бірнеше жыл бойы сәби көтере алмай жүріпті. Жан-жақтан пыш-пыштап әңгімелеп түртініктейтіндер көбейді. Сөйтіп жүргенде германның соғысы басталды. Ер азаматтарды түгелге жуық майданға алып жатқанда, мұның қосағын арнайы әскери рұқсатпен теміржол саласында қалдырды. Ал баласы жоқ, бос әйелдерді теміржол жұмыстарына жекті. Анасына, міне, қазір тұсында тұрған теміржол көпірін күзету міндеті жүктеліпті. Әйел демей, жас басы, түн баласы, қорқыныш дұшпан қай жақтан келіп қалады деген секем ой тыныш тапқызбайды. Мәмірәлі де кей түні қасына келіп тұрған болады. Міне, осы кезді анасы кейін айтып отыратын еді. Құдай-ау! Көзі соқыр, құлағы кереқ болса да, шетінеп кетсе де тусам екен, «Сен тусаң – өгіз де туады» деген дау туғызарлардың көмейіне құм құйылар деген арманын айтатын. Содан соғыс бітті. Бейбіт өмір келді. Аңсап күткен тұңғышы Бибігүлінің өмірге келуі отбасына ұлан-асыр қуаныш сыйлады. Тәй-тәй басқан алғашқы күнінен үйлері жапсарлас орналасқан Айдар атаның шаңырағына барған бүлдіршінге дүкенші болып жұмыс жасайтын үлкен кісі кәмпит-тәттілерді береді. Оны қолына алып, екіншісіне тағы қолын созып «тәкәй-тәкәй» дейді. Осы үйдің келіні Тұрғанкүл жеңеше мына қыз «тәкәй» дейді ғой деп, осылай атап кетіпті бәрі. Бибігүлден кейін араға екі жыл салып шаңыраққа кішкентай ұл бала келеді. Енді-енді жүре бастағаннан бір түрегеліп, бір құлап, қайта жүргеніне қараған жеңешеміз Тұрғаш мынау «пиян ғой» деп атап кетті. Айтқаны аңдымай келгендей, Әбекең үлкейгенде жеңешесіне ренжіп жүретін еді. «Мені пиян еткен сізсіз» деп. Еріксіз бәрі күлетін.

Ауыл ортасындағы Бөріойнақ биігінің күнбатысындағы етегінен Шаймерден көкенің үйі басталады. Оңашалау отырған үй ауыл-үймен оншалықты қыж-құждай араласа бермейді. Көкенің қатқыл мінезінен бе үйдегі апа да томаға тұйықтау болды. Ұл-қыздары қатарластарынан бойларын аулақтай ұстайтын, жиі араласа бермейтін. Көке дегеннен шығады. Ілгеріде Шаймерден көкенің бір айтарлығы, сөз бастарғысы, көсемдігіне қатысты әңгімені айтып отыратын. Осы өңірде ел арасында «Тәшкен көрген» деген сөз бар. Тура мағынасында қаланы көргендігін емес, сол қаладағы пысықай-қулықтардың, небір жолбикелерге алданбай, аман-есен келгендігін айтқан болар. Барлық облыстардың өкілдері сонда жиналғанды-мыс. Қызылордадан мына Қыраш, Тоқтамыстан Мүбарак, Бөріойнақтан Шаймерден Сауранбаев барады. Мүбарак көке таныстырып жатқан көрінеді ала тақияларға мынау кісі Ақтөбеден, ал мына жігітіміз Қостанайдан деп бәрін түгендеп, кезек Шайекеңе келгенде, көкеміз алдын орап кетіп, «Мен Бөріойнақ облысынанмын» дейді ғой. Мүбарак аға болса, «бұл қалай?» деп облыстарды саусақпен санап, түгендей бастайды да, Шайекеңе қарап, ондай облыс жоқ дейді ғой! Сонда көкеміз, о, әкеңнің бар ондай облыс деп ысқырған айқайға басады. Мүбарак қатты қысылып қорыққаннан, иә-иә, бар ондай облыс деп жұртқа таныстырған көрінеді. Кейін елге келгесін «Бөріойнақ облысындағы ағайындар» деп айтып отыратын еді дейді.

Мына селбестіре, ұзыннан-ұзын итарқа салынған тамның күн шығыс жағында Қалкөз көке, күн батысында Қалберген тәуіп отырады. Қамыспен жабылған бір шатырдың астында өмір сүрген ағайындар ұйықтағанда ғана бөлектенбесе, қалған уақыттарда тіршілік ғұмырлары бір болатын. Әсіресе тәуіптің кемпірі Қанымай апаның самаурыны шоқтан түспей, үнемі екі иығынан демалып тұрғаны есімізде. Дастархан мәзірі жұқалтаң болса да, үлкені Мырзабек, Ергеш, Тастемір, Бәйік, Олжабек болып шайларына бас қоятын, жарықтық біреу-міреу осы сәтте үйлеріне кездейсоқ, бас сұға қалса, тіксініп, жақтырмаған кейіп танытатын. Ергеш ағаның темір-терсекке, мотоцикл қыр-сырына сұңғылалығын бүкіл ауыл білетін. Ең жүйрік, ең жақсы көлік інісі Бәйіктің астында болатын. Оның көлігінен ешкімнің мотоциклі озбауы тиіс еді. Осылардың үйінен төмендеу дария жақ бетте Ержан көкенің үйі отырады. Күлпаршын апа өзімнен кейінгі інімнің кіндік шешесі болатын. Тура сөйлеген, өткір кісінің алдында именіп тұратынбыз.

«Елу жылда ел жаңа» деген. Әбекең үлкен кісілерді ойлап отырса, кешегідей көз алдына келеді. Көңіл қартаймайды деген. Бәрі-бәрі есінде. Сонау жетпісінші жылдары теміржолшы әкесіне Ақтөбедегі үлкендері зейнет жасына шыққанда, бұл өңірде жан баласы мінбеген, таңсық дүние «Москвич 412»-ні сыйлады. Алдында ғана неміс жерінде әскери борышын өтеп, екі сөмке базарлықпен келген қуаныштың қызуы әлі кетпеген. Соның екпінімен желдей жүйрік, жаңа машинамен жусанды, ажырықты далаға ізін салды. Бөріойнақ пен Бірліктің арасын таптаурын жол етті. Осы жол оны үйлену, үй болу бақытына кезіктірді. Өмірлік қосағы, Бірліктегі Мақұлбектің қызы Қалбибіге үйленді.

Әбекең Бөріойнақ биігіне көтеріліп келеді. Жоғарыға өрлеген сайын ауыл сұлбасы алақандай көрініп, атажұрт орны жылы ұшырайды. Шіркін, құж-құж қайнаған сол кез ә...! Қырдан уақ жантықтар, Сырдан мүйізді ірі қаралар өрістен қайтып, үлкендер мал алдына шыққанды желеу етіп, бірімен-бірі қауқылдасып, мәре-сәре болып жататын. Қазір соның бірі жоқ. Мүлгіген тыныштық. Осы жерде өмір тіршілігі үзіліс алғандай. Жаһандану деген заман келді. Жұрт даладан қалаға үдере көтерілді. Бәрі кетіп жатыр деген ұшқары алдамшы ой оң жақтағы да, сол қанаттағы да көршіні сирексітті. Есімде ауылдың санаулы үйлері қатарында Дүйсенбайдың Айтбайы, өзінің көкесі ғана қалды. Разъездің соңғы бастығы Айтбай көкенің пейілі, адамшылдық мұраты өзгеше бір болатын. Үйдегі жеңешеміз де құдайдан бір сұраған пенде еді. Әкеміз айтып отыратын.

Өзім дегенге өзегін суырып бергені бір басқа, көлденең көшеде кездескен бейтаныс жанға да жан-дәрмені қалмағандай, жапатармағайлап пейіл танытатын. Ауыл-аймақ Айтбай көкенің «Иж-49» мотоциклімен есік пен төрдей жайын балығын аулап әкеліп, үй қалдырмай бірдей бөліп берген сәтін қалай ұмытсын?! Бірі жетіп, бір жетпес соғыстан кейінгі уақыттарда да осындай жомарт жүректі кісілердің әрекеті арқасында, өзен жағалағанның өзегі талмастай ашырқанған ауыл адамдары болмапты. 30-шы жылдардағы балапан басымен, тұрымтай тұсымен кеткен, алтын-күміс тас болған, арпа-бидай ас болған, бір талғажау үшін жан-жаққа босып, шекара асқан сәттерде, теміржол бойындағы ауылдардың жүрек жалғарлық тіршілік қауқары болғанын үлкен Әймен баба, Тілеуберген баба-қариялар айтып отыратын еді деп әкесі марқұм айтатын.

Бөріойнақ биігінен дария жаққа көз салды. Көкталдың мейлінше ернеуіне дейін толған суы көзіне шалынды. Иә-иә, тоғайдың көп жерін су алып, ойпаң-ойлардың түгелімен суға толғаны осы мол судың екпіні екен ғой.

Биіктен төмен ылдилап, атақонысқа қарай бет түзеді. Ғасырдан астам тарихы, ата-ананың борпылдақ құмда табанының ізі бар, ыстық ұяға жақындап келді.

Жыңғыл шыбықтарымен қоршалған атшаптырым алаңқайда Әймен әулетінен тараған ағайынды ұл-қыздардан туған немерелер артезиан суынан толтырылған әуітте алақайлап суға түсіп жатыр. 70-тің биігінен қуана да тоқ көңілмен қарады. Өмір осылай жалғаса береді да. Жақсылықтың ишарасымен бетін сипады.

Биігің төмендемесін, Бөріойнағым!

**Өлмесхан БОЛАТБЕКОВ.**
Нұр-Сұлтан қаласы

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# Сарықұл қожа мен ұрпақтары

**Қазалы өңірінің жұртшылығы әулие әрі емші Сарықұл қожа есіміне жақсы қанық. Оқырмандарымызға ғұлама атамыз жайлы қолдағы деректі ұсынсақ:**

Sb *Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,*
*«Сыр бойы»*



«Аққозыұлы Сарықұл – XVIII ғасырдың аяқ кезінде өмірге келіп, XIX ғасырда Қонаққөлмен шектес жатқан Жарыққөлді мекен еткен. Туған жері – Қазалы ауданы, Арықбалық ауылдық округі. Тарихи шежіреге құлақ түрсек, ол – зікір салып, адамдарды емдеген және ғаріптерге қарасып, сыйынса қорғаны болған, қиналғанда қолдайтын ұлы тұлғаға айналған атақты да аруақты кісі.

Сонау 1932 жылы қызылдардың ГПУ-нен қашып келе жатқан бір кісі: «Уа, Сарықұл, қорғап және қолдай гөр! Өзің көмек бермесең, мен өлдім», – деген екен. Сол сәтте дарияның жағасында ескекті қайық пайда болып, арғы бетіне өтіп алған.

Сарықұл қожаның бейітінен 100 метрдей жерде биік төбе бар. Бұл – Сарықұл атаның бала оқытқан мешітінің орны. Ол мешітте де ерекше қасиет бар. Иесі өмірден өткеннен кейін мешіт дүкен, кеңсе болған. Сол кездегі адамдардың айтуы бойынша, мешіттің есігі өзінен-өзі ашылып-жабылып тұрады екен. Оның немересі Панаұлы Әбілда қожа XIX-XX ғасырларда өмір сүрген атақты зікірші, қыздырып темір шайнаған, періні матап байлаған, жын-шайтанды зікірмен қойша айдаған. Ал оның ұлы Ізтұрған да ауырған тісті жазатын болған. Бүгінде Жанқожа батыр ауылында «Сарықұл қожа» мешіті бой көтерген.

Сарықұл қожа бабамыз өмірге келген Жанқожа батыр ауылында туып-өстік. Бабалар рухына деген құрмет, асылдың сынығы, тектінің тұяғын бағалау – қанға сіңген дағды. Осы ұстаныммен біздің ауылдың тұрғындары да Сарықұл баба ұрпақтарына ерекше ілтипат танытады. Атамыздың ұрпағы, атақты Әбілда қожаның немересі, Ізтұрғанның ұлы Балтабекпен кезінде қызметтес болдым. Менен бір жас кіші Бәкеңмен әлі күнге дейін ағалы-інілі сыйластығымыз үзілген емес. Бірнеше жыл бұрын аяқ астынан қатты сырқаттанып, жансақтау бөліміне түстім. Жағдайымның ауыр екенін ақжелеңділер айтпаса да, іштей сездім. Ақылы емдеу палатасында жатырмын. Түнімен қиналып шығамын. Кенет... Басыма бір ой сап ете түссін. Неге олай жасағаныма әлі күнге дейін қайран қаламын. Жанымда күндіз-түні күзетіп отырған жұбайыма Байқоңыр қаласында тұратын Балтабекке телефон соғып, жағдайды түсіндіріп, атаның тұтынған бір бұйымын сұрауды тапсырдым. Өзімнің сөйлесуге шамам жетпейтін еді. Аңқылдаған, ақпейіл Балтабегім жүз шақырым жерден сол күні жетіп келді. Жанында келіншегі Ақмарал бар. Азық-түлік базарын түгелімен көшіріп әкелген бе, сәлем-сауқатқа палатаның ішін толтырып тастады. Ең бастысы, Әбілда атаның өзі киген, тері сіңген ескі шапанын әкеліпті. Мұндай қуанбаспын... Сенесіз бе, сол күні ауруханаға жатқаннан бері алғаш рет аздап ас іштім. Қасиетті бабаның киелі шапанын бас жағыма салып, науқастанғаннан бері рахаттана ұйықтадым. Біршама күннен кейін ауруханадан аман-есен шықтым. Кейін алғысымды айтып, шапанды досыма табыстадым.

Үлкендерден Бекарыстан би ауылына қарай өтетін көлік жолын салған жолшылардың Сарықұл қожаның бейіті жанына келгенде су жаңа техникалары жиі істен шығып, жұмыстарынан береке қашқанын, әбден қиналған құрылысшылардың мал шалып, бабаның аруағына арнап құран оқытқан соң ғана істері оңға басқанын естіген едім. «Аруақ сыйлаған азбайды». Осы орайда, халық емшісі Ақтолқын апа Тұрғанбаева, ұрпақтары болып Сарықұл қожа атамыздың рухына бағыштап ауқымды әрі тұрақты түрде ас жасап жүргенін атап кетсек.

Өткен жылы ауылдан Ғалымжан Хайруллаұлы жетекшілік жасаған азаматтардың бастамасы, ел-жұрттың қостауы, халықтың демеушілігімен Сарықұл қожа атындағы әсем, еңселі де замана талабымен үндесетін жаңа мешіт пайдалануға берілді. Бұған дейінгі мешіт әу баста музыка мектебінің ғимараты болып салынған еді.

– Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында ауылдағы музыка мектебіне деп салынған ғимаратты мешітке айналдыруға көп күш жұмсалды. Кеңшар директоры Берік Бисембаев шаруашылықтан қаржы бөлдірді. Ол кезде ауданда Қожаназар ишан мешіті, қалада Нұрәлі мешіті яғни, екі мешіт ғана жұмыс істейтін. Осылайша аудандағы елді мекендер арасында мешіт алғаш рет біздің ауылда ашылды. Оның құрылысын ауылдағы азаматтар жүргізді. Әсіресе, марқұм Оңдасын Ахметов көп еңбек сіңірді. Құрылыс жұмыстарының басы-қасында мен, сол кездегі құрылыс шебері Мереке Табынбаева болдық. Сол тұстағы аудан әкімі бастаған ел ағалары мешіттің ашылуына арнайы қатысты. Мереке бағалы сыйлықпен марапатталды, – дейді ұзақ жылдар бойы ауылдағы құрылыс саласына басшылық жасаған, еңбек ардагері Жаңабай Жақсылықов ағамыз.

Мұратбек Бәлкеев бауырымыздың «Сарықұл қожа» мешітінде имам болғанына тура 15 жыл толды. Қашан да биязы қалпынан танбайтын, аузынан Алла, жанынан Құраны қалмайтын Мұратбек ауыл арасында өте сыйлы. Қоғамдық шараларға, ауыл өміріне белсене араласатын имамға көпшілік дән риза.

Қазалы ауданы



# Әкім гранты: Жарқын болашаққа жолдама




### Әкім гранты кімдерге берілді?

Биыл облыс әкімінің қолдауымен өңірге қажет мамандықтар бойынша облыстық бюджеттен әлеуметтік тұрғыдан халықтың осал топтарынан білім алушы 150 студентке әлеуметтік көмек көрсетуге қаражат бөлінді. Жалпы облыс әкімінің грантына 183 үміткерден өтініш қабылданған. Өтініштер аудандар мен Қызылорда қаласы әкімдігі жанынан құрылған арнайы комиссиялардың отырыстарында қаралып, нәтижесінде 148 грант иегері анықталды. Грант иегерлерінің басым көпшілігі көпбалалы отбасынан шыққан.

Әлеуметтік көмек жыл сайынғы оқу төлемінен және тамақтану мен тұру шығындарын ішінара өтейтін әлеуметтік төлемдерден тұрады. Орташа 1 студентке көмек мөлшері 652 мың теңгені құрайды.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне – 84, «Дәстүрлі өнер» институтына – 21, «Болашақ» университетіне – 4, М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетіне – 25, Қарағанды медициналық университетіне – 7, Сәтпаев университетіне – 1, «Нұр Мүбарак» университетіне 8 грант бөлінді.

Айта кету керек, 21 үміткерге отбасының жан басына шаққандағы табыстары белгіленген критерийлерден асып кетуі немесе ҰБТ-дан шекті балл жинай алмауы сияқты нақты себептермен әлеуметтік көмек тағайындалмаған. Ал 2 үміткер мемлекеттік грант иеленуіне байланысты өздері бас тартқан.

### Талабымен танылған Тоқтар

Қазір еліміздің жоғары оқу орындарында мыңнан астам студент облыс әкімінің гранты негізінде білім алуда. Гранттың 2013 жылдан бері берілгенін ескерсек, түлектердің алды еңбек жолын бастап та кетті. Ауыл шаруашылығы саласында қызмет ететін Тоқтар Махмудов та осыдан 6 жыл бұрын әкім гранты арқылы Қорқыт ата атындағы университеттің студенті атанып еді. Қазір «Мелиоратор» серіктестігінде прораб.

– Мамандығым жігіттерге лайық. Өзім оқу орнын бітірген соң дәл осы мамандық бойынша еңбек етуді қалап, жұмыс қарастырдым. Сыр өңірінде егіннің өнімділігін арттыру, суармалы жерлерді қалпына келтіру жұмыстары өте маңызды. «Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау» мамандығы бойынша оқығандықтан прораб қызметіне қабылдандым. Қазір ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру жөніндегі жобаның екінші кезеңі бойынша Жалағаш ауданындағы Бұқарбай батыр, Таң, Аққұм, Мәдениет ауылдарында жұмыс істеп жатырмыз. Өткен жылдың маусым айында басталған жобаны 2021 жылдың соңына қарай аяқтау жоспарланған, – деді Тоқтар.

Ең бастысы, ол әкім гранты арқылы аймаққа қажетті мамандықты игерді әрі халықаралық жоба бойынша қызмет етуде. Университетте білім алған қатарлас достарымен қазір әріптес. Иә, Жаңақорғанның Жаңарығында туып-өскен Тоқтарға әкім гранты теңдессіз сый болды.

1-бет

# Заманынан озып туған

**Биыл Исатай Әбдікәрімов атындағы агротехникалық колледждің құрылғанына 90 жыл толады. Өткен ғасырдағы үш орта арнаулы оқу орындары – политехникалық, ауылшаруашылық және теміржол техникумдарын біріктірген білім ордасының өңірімізге, елімізге орта арнаулы мамандық иелерін дайындаудағы маңызы өте зор. Әр жылдары бұл оқу орындарын беделді де тәжірибелі адамдар басқарып, Сыр елінің әлеуметтік-экономикалық дамуына өлшеусіз үлес қосқан орта буын кадрлар легін дайындауға көп еңбек сіңірді.**



Міне, сондай жандардың бірі, тіпті бірегейі деуге болатын, кезінде есімі көпке танылған басшы Цой Алексей Николаевич еді. Ол Қызылорда политехникалық техникумына 20 жыл басшылық еткен кезеңде өзін реформатор тұлға екенін дәлелдей алды. Оның басшылығымен Қызылорда политехникумы ерекше білім ордасы саналып, беделі асқақтады.

А.Цой қай уақытта да бірінші бола білді. Ол Кеңес Одағындағы орта оқу орындарына басшылық жасағандардың арасында біріншi болып бөлек екі заманауи оқу корпусын тұрғызғанын айта кету керек. Қызылорда политехникумы сол уақыттары КСРО-дағы мелиоративті бағыттағы орта оқу орындарының арасында бірінші орынға ие болып, оның базасында одақтық Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне қарасты орта оқу орындары басшылары қатысқан семинар өткізілді. Ол – КСРО-дағы техникумдар директорлары арасында бірінші болып, өз телеорталығын құрып, оқуға түсу емтихандарын ашық трансляция жасаған адам. Оқуға түсуге талап қылған әр талапкердің ата-аналары мен жанкүйерлері фойеде отырып, теледидар арқылы кешегі оқушының, жұмысшының, солдаттың қалай емтихан тапсырып жатқанын бақылай алды. Сонымен бірге облыста бірінші болып өз студенттері үшін жабық жүзу бассейні мен тир салдырған және студенттерге арналған санаторий-профилакторий ашқан. Қазақстанда бірінші болып гидромелиорация музейін жабдықтаған.

Өткен ғасырдың 70 жылдары қалада алғашқылардың бірі болып, үрмелі аспаптар оркестрін құрды, белгілі шаралардың бәрі онсыз өтпейтін. Сол уақыттағы көптеген шараларда көркемөнерпаздар техникумның заманауи музыкалық аппаратын пайдаланды. Ал спорт залдары мен клубы спортшылар мен көркемөнерпаздардың игілігіне жарап тұрды. Клубта сол кездегі одақтың көптеген жұлдыздары өнер көрсеткені жұртшылықтың есінде. Техникум қабырғасынан шыққан спорт жұлдыздары да жеткілікті.

Әрине, Алексей Николаевич ең бірінші кезекте техникумды бітірушілердің таңдаған мамандығы бойынша кәсіби маман болып шығуын басты назарда ұстады. Лабораториялар мен аудиториялар сол кезеңдегі ғылым мен техниканың алдыңғы қатарлы жетістіктеріне сай келетін техникалық қондырғылар және көрнекі құралдармен жарақтандырылды. Студенттер сан түрлі техникалардың түрлі режимде қалай жұмыс істейтінін, бөгеттегі судың әртүрлі қысымға шыдамдылығы, электр желісі қимасының энергияны жоғалтуға әсерін көздермен көріп үйренді. Техникум қабырғасынан шықпастан құрылыс материалдарының ылғал мен аязға төзімділігін лабораторияда анықтай беретін. Сол секілді геодезия құралдарын пайдалануды меңгеруді үйренді. Топырақтың физикалық және агрохимиялық ерекшеліктерін зерттеп, түрлі конструкцияларға сынақ жасайтын мүмкіндікке ие болды. Болашақ электриктер кәсіби шеберлікке полигондарда жаттықты. А.Цой осы игілікті істердің бәрін жүзеге асыратын жоғары білікті мамандардан құралған мықты команда жасақтаған еді. Олардың есімдерін бір мақалаға сыйдыру тіпті мүмкін емес. Техникум түлектеріне сұраныс өте үлкен болды. Олар астаналық жоғары оқу орындары түлектерімен салыстырғанда өндіріске тез бейімделіп кете алды. Ресейдің беделді жоғары оқу орындарына оқуға түскен Қызылорда политехникалық техникумының түлектері сол оқу орындарының мақтанышына айналып шыға келетін. Өйткені, Қызылорда политехникумы қабырғасында алған білімі мен тәжірибесі қай ортада да алып шығатын.

Ол қарым-қатынаста қарапайым жан еді, сонымен бірге талапшыл және әділ басшы болды. Ұжымның әрбір мүшесінің отбасы жағдайын ескеріп жүретін. Пәтер бөлу, балабақшадан орын немесе оқытушыға сағат беру мәселелерін әрқашан әділдікпен шешетін. Қиын жағдайға ұшырағандар оның қолдауын, қамқорлығын нақты сезінетін. Сондықтан да болар, оның үстінен ешқашан арыз түскен емес. Алексей Николаевичтің тәрбие мектебінен өткен мыңдаған түлектердің ішінде АҚШ, Израиль, Германия және тағы басқа елдерге қоныс аударып, табысты және абыройлы өмір сүріп жатқандар аз емес. Ал еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына лайықты үлес қосқан, есімдері елге танымал болған азаматтар қаншама десеңізші?!

Міне, осындай заманынан озып туған тұлғаны ұмыт қалдыру – тарихқа қиянат. Оның есімін ардақтау – оның шәкірттерінің, ізбасарларының, қазіргі буынның міндеті. Осы ретте Исатай Әбдікәрімов атындағы агротехникалық колледждің құрылғанына 90 жыл толуына орай, колледждің политехникалық бөлімін және облыс орталығында бір көшені А.Цой есімімен атауды ұсынамыз. 1975-1980 жылдары политехникумда оқытушы және комсомол хатшысы болған Кеңес Маханбетов дәл осындай ұсынысын 2012 жылғы «Кызылординские вести» газетіне жазған мақаласында жариялаған болатын. Сол ұсынысты қолдап әрі жандандырып отырмыз. Оның есімі ұмыт қалмауы тиіс. Бұл бүгінгі күні өмір сүріп жатқандар мен болашақ үшін қажет.

**Еркетай ИМАНБАЕВ,**
**ардагер-ұстаз**

РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН

# Жарық қашан беріледі?

Біздер Тасбөгет кенті Е.Жүнісбаев көшесінің бойында тұрамыз. Аталған көшеде кезінде Сырдария ауданын бірнеше жыл басқарған, қоғам қайраткері Еламан Жүнісбаев тұрған еді.

Елекеңнің дүниеден өткеніне де көп жылдың жүзі болды. «Баяғы жартас бір жартас» дегендей көшеге әлі күнге дейін түнгі жарықшамдар тартылған жоқ. Әсіресе қыстың күндері екінші ауысымдағы сабақтан қайтқан балаларға қиын. Үлкендерге де оңай емес.

Қазір қала көшелерінің абаттандырылып, жарықтандырылып жатқанынан хабардармыз. Біздің көше де осы тізімге іліге ме деген үміт бар.

Жыл сайын әкімшілік тарапынан жарық жөнінде уәде етіледі. Нәтиже сол күйінде ұмытылады. Енді қайтеміз, жанашырымыз «Сыр бойы» газетіне жолдай отырып, тиісті орындар нақты шешім қабылдайтын болар деген үміттеміз.

**Е.Жүнісбаев көшесі**
**тұрғындары атынан**
**Т.ҚАРАМОЛДИН**

## «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институты конкурс жариялайды

«Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институты ректордың лауазымдық қызметіне конкурс жариялайды

**Біліктілікке қойылатын талаптар:** жоғары білімі, ғылыми дәрежесі, басшылық қызметтерде кемінде 3 жыл еңбек өтілі болуы.

**Үміткер білуі тиіс:** Қазақстан Республикасындағы білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын және жоғары оқу орнының білім, ғылыми- өндірістік, қаржылық-экономикалық қызметтерін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді, жоғары және ЖОО кейінгі білімді мамандар дайындау саласындағы әдістемелік материалдарды, жоғары оқу орнын техникалық және ғылыми дамытудың перспективаларын, жоғары оқу орнының кадрлық ресурстарын, жоғары және ЖОО кейінгі білім беру (қосымша білім) саласындағы шетелдік білім мекемелерінің озық тәжірибелерін, еңбек қорғау ережелері мен нормаларын.

**Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттарды тапсыру қажет**

1) Өтініш;
2) Кадр жөніндегі жеке іс парағы;
3) 3х4 сурет -4 дана;
4) Нотариалды куәландырылған жоғары білім туралы немесе жоғары оқу орнынан кейінгі дипломы мен қосымшасы;
5) Нотариалды куәландырылған ғылыми дәрежесі туралы дипломы мен ғылыми атағы туралы аттестаттың көшірмесі;
6) Ғылыми еңбектері мен өнер табыстарының тізімі мен көшірмелері (болған жағдайда).

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде жүзеге асырылады. Конкурс өтетін күні мен орны қосымша хабарланады.

Жоғарыда аталған құжаттар белгіленген мерзімде «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институтының кадр бөліміне (210 кабинет) Қызылорда қаласы, Ғ.Мұратбаев көшесі, 72 мекен-жайы бойынша ұсынылуы керек.

Байланыс телефоны: 8 /7242/ 24-60-16.

Электрондық пошта: akmeshit@mail.ru

## ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР ҰЭМ ТМР комитетінің ҚО бойынша департаментінің 04.09.2020 жылғы №04-22/1521 Дәлелді қорытындысына сәйкес, «Энергосервис» ЕЖШС-ның барлық тұтынушыларына 2020 жылдың 11 қыркүйегінен бастап 1 кВт. сағат электр энергиясының тарифтері (қосымша құн салығын есептегенде) төмендегідей болып белгіленді:

**1. Орташа босату бағасы – 18,88 теңге**
**2. Жеке тұлғалар үшін орташа босату бағасы – 16,70 теңге**
Тұтыну көлеміне қарай сараланған тарифтер:
Электр плиталарын қолданбайтын тұрғындарға:
1-деңгей (70 кВт. сағатқа дейін) – 15,81 теңге
2-деңгей (70 кВт. сағаттан 150 кВт.сағатқа дейін) – 20,04 теңге
3-деңгей (150 кВт. сағаттан жоғары) – 25,05 теңге
Электр плиталарын қолданатын тұрғындарға:
1-деңгей (90 кВт. сағатқа дейін) –15,81 теңге
2-деңгей (90 кВт. сағаттан 170 кВт.сағатқа дейін) – 20,04 теңге
3-деңгей (170 кВт. сағаттан жоғары) – 25,05 теңге
Электр плиталарын қолданбайтын жалғызбасты зейнеткерлерге, ҰОС қатысушыларына, мүгедектерге:
1-деңгей (100 кВт. сағатқа дейін) –15,81 теңге
2-деңгей (100 кВт. сағаттан 150 кВт.сағатқа дейін) –20,04 теңге
3-деңгей (150 кВт. сағаттан жоғары) – 25,05 теңге
Электр плиталарын қолданатын жалғызбасты зейнеткерлерге, ҰОС қатысушыларына, мүгедектерге:
1-деңгей (100 кВт. сағатқа дейін) – 15,81 теңге
2-деңгей (100 кВт. сағаттан 170 кВт. сағатқа дейін) – 20,04 теңге
3-деңгей (170 кВт. сағаттан жоғары) – 25,05 теңге
**3. Заңды тұлғалар үшін орташа босату тарифі – 21,44 теңге**
• Бюджеттік мекемелер үшін – 31,44 теңге
• Басқа тұтынушылар үшін – 18,88 теңге

**Әкімшілік.**

*(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 14 шілдесінде №000498 мемлекеттік лицензиясы берілген)*

## Соңғы 5 жылда аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан 4 мыңнан астам бірінші сынып оқушылары «Халық» қайырымдылық қорынан мектеп жиынтығын алды

**1 қыркүйек 2020 жыл.** Биыл дәстүрге айналған «Мектепке жол» ауқымды республикалық акциясының аясында еліміздің әр аймағындағы көпбалалы және жағдайы төмен отбасынан шыққан 600 бірінші сынып оқушылары Білім күнін «Халық» қайырымдылық қоры тарапынан берілген мектеп жинағы бар сөмкелермен және оқу құралдарымен қарсы алады.



«Халық» қайырымдылық қоры дәстүрлі түрде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, жергілікті атқарушы органдардың (әкімдіктердің) бастамасымен өткізілетін республикалық акцияны қолдайды және ағымдағы жылы мектеп жинағын сатып алуға 10,7 млн теңгеден астам қаражат бөлінді.

Биыл бірінші сынып оқушыларының ата-аналары үшін оқу жылына дайындықтары карантиндік режимімен тікелей байланысты болып отыр. Соған қарамастан, «Халық» қайырымдылық қоры кейбір оқушылардың қашықтан білім алса да, бірінші сынып оқушылары ыңғайлы білім алу үшін кеңсе тауарларынан бастап барлық қажеттіліктерімен қамтамасыз етілуі керек, әрі ата-аналарға біршама көмек деген пікір білдіреді. Сондықтан, мектеп жиынтықтарын қалыптастыруда ең алдымен оқушылардың оқу құралдарына деген қажеттіліктері ескерілді.

Сөмкелерден және керекті кеңсе тауарларынан (дәптерлер, қаламдар, қаламсаптар және т.б.) тұратын «Халық» қайырымдылық қорының мектеп жинақтары жергілікті атқару органдары мен білім беру басқармалары берген тізімге сәйкес таратылады.

Соңғы 5 жылда «Халық» қоры осылайша аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан 4000-нан астам бірінші сынып оқушыларын мектепке дайындады. Осы мақсатқа «Халық» қоры 54 миллионнан астам теңге бөлді.

***

**«Халық» қайырымдылық қоры» (Halyk Fund) -** 2016 жылы сәуірде Динара Құлыбаевамен қайырымдылық шараларын жүйелік деңгейде жүзеге асыру мақсатында, Қазақстан Республикасының спорт және білім беру саласындағы әлеуметтік жобалар мен әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды атқару үшін құрылды.

## Жарқын бейнең жадымызда



Дүние дидарына келген әр адамға ана мейірімі мен махаббатына теңесетін дүние жоқ, сондықтан да аяулы жанның орны бөлек. Ана қуатының алып жердің тарту күшінен мың есе артық болатыны да рас. Оның ғазиз жүрегі мен ақ тілегі, аялы алақаны өміріміздің мәнін арттырып, бізді қатарға қосты. Балаларына ғана емес, тұтас әулет үшін қымбат адамның орнын ешкім баса алмайтынын арамыздан алыстағанда ұғына түстік. Иә, анамыз Бақытгүл Лаубаеваның өмірден өткеніне де 40 күннің жүзі толмақ.

Әулеттегі әрқайсымызға ақылшы, қамқоршы болған ардақты жан 69 жасында келместің кемесіне мінді. Пәни дүниенің бір қалыпта тұрмайтынын білсек те, ана мейірімін аңсайтынымыз рас. Анамыз еңбек жолын Қармақшы аудандық астық қабылдау кәсіпорнында жұмысшы, лаборант, қойма меңгерушісі болып бастаған. Кейін өзінің біліктілігі, елгезектігімен аудандық партия комитетінің кәсіпорнындағы кәсіподақ ұйымының хатшысы қызметіне тағайындалды. Жұмысқа жауапты, қолға алған ісіне тындырымдылығы бағаланып, облыстық, аудандық партия комитеті Алғыс хаттары, медальдарымен марапатталды. Ал, отбасында үш ұлы мен қызының болашағы жарқын болуы үшін барын салды, кейін немерелеріне бар мейірімін арнады.

Анамыз Бақытгүл Лаубаеваның қырық күндік асы 12 қыркүйек күні түскі 12-де өтетінін барша ағайын-туыс, дос-жарандарға хабарлаймыз.

**Еске алушы,**
**Қыпшақбаевтар әулеті**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР ҰЭМ ТМР комитетінің ҚО бойынша департаментінің 04.09.2020 жылғы №04-22/1522 Дәлелді қорытындысына сәйкес, «Дәулетэнерго» ЖШС-ның барлық тұтынушыларына 2020 жылдың 11 қыркүйегінен бастап 1 кВт. сағат электр энергиясының тарифтері (қосымша құн салығын есептегенде) төмендегідей болып белгіленді:

**1. Орташа босату бағасы – 20 теңге 72 тиын.**
**2. Жеке тұлғалар үшін орташа босату бағасы – 19 теңге 17 тиын.**
Тұтыну көлеміне қарай сараланған тарифтер:
Электр плиталарын қолданбайтын тұрғындарға:
1-деңгей (70 кВт. сағатқа дейін) – 18 теңге 90 тиын.
2-деңгей (70 кВт. сағаттан 150 кВт. сағатқа дейін) – 23 теңге 01 тиын.
3-деңгей (150 кВт. сағаттан жоғары) – 28 теңге 76 тиын.
Электр плиталарын қолданатын тұрғындарға:
1-деңгей (90 кВт. сағатқа дейін) – 18 теңге 90 тиын.
2-деңгей (90 кВт. сағаттан 170 кВт. сағатқа дейін) – 23 теңге 01 тиын.
3-деңгей (170 кВт. сағаттан жоғары) – 28 теңге 76 тиын
Электр плиталарын қолданбайтын жалғызбасты зейнеткерлерге, ҰОС қатысушыларына, мүгедектерге:
1-деңгей (100 кВт. сағатқа дейін) – 18 теңге 90 тиын.
2-деңгей (100 кВт. сағаттан 150 кВт. сағатқа дейін) – 23 теңге 01 тиын.
3-деңгей (150 кВт. сағаттан жоғары) – 28 теңге 76 тиын.
Электр плиталарын қолданатын жалғыз басты зейнеткерлерге, ҰОС қатысушыларына, мүгедектерге:
1-деңгей (100 кВт. сағатқа дейін) – 18 теңге 90 тиын.
2-деңгей (100 кВт. сағаттан 170 кВт. сағатқа дейін) – 23 теңге 01 тиын.
3-деңгей (170 кВт. сағаттан жоғары) – 28 теңге 76 тиын.

**3. Заңды тұлғалар үшін орташа босату тарифі – 22 теңге 04 тиын.**
• Бюджеттік мекемелер үшін – 29 теңге 62 тиын.
• Басқа тұтынушылар үшін – 19 теңге 37 тиын.

**Әкімшілік.**

*(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 14 шілдесінде №000497 мемлекеттік лицензиясы берілген)*

## ХАБАРЛАМАЛАР

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (20-38-03) «Бұқарсай кенішінде 23 ұңғымаға дейін кірме автожол салу» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

**Анықтама алу телефоны: (7242) 29-91-92.**

***

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (20-40) «Құмкөл Оңтүстік кенішінде №280 ұңғымадан шығатын құбырларды ауыстыру» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

**Анықтама алу телефоны: (7242) 29-91-92.**

***

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (20-50) «Құмкөл Оңтүстік кенішінде ӨҚ-4-тен ӨҚ-5-ке дейін, ӨҚ-6-дан ТҚ-1-ге дейін, ӨҚ-5-тен ТҚ-1-ге дейін, ӨҚ-12-ден ТҚ-3-ке дейін, ӨҚ-7-ден ТҚ-3-ке дейін, ӨҚ-7-ден ТҚ-2-ге дейін, ӨҚ-10-нан ТҚ-3-ке дейін, ӨҚ-11-ден ТҚ-3-ке дейін, ӨҚ-26-дан ТҚ-24-ке дейін құбырларды ауыстыру» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

**Анықтама алу телефоны: (7242) 29-91-92.**

***

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (20-19-02) «Майбұлақ кенішінде 45 ұңғыманы электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

**Анықтама алу телефоны: (7242) 29-91-92.**

## Жарамсыз деп есептелсін

Қармақшы аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты Байқоңыр қаласы бойынша филиалының Ережесі (орыс және қазақ тілдерінде), Қармақшы ауданы Әділет басқармасынан 23.05.2005 ж. берілген куәлігі (тіркеу нөмері 12-1933-04-Ф-л), ҚР Салық төлеушісінің 26.05.2005 ж. берілген куәлігі (СТН 330400211408), 24.05.2005 ж. берілген Статистикалық карточкасының түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Үрістем Самат Бақытұлының атындағы Газ-52 (Gaz-52) маркалы автокөлігінің тіркеу нөмірі 662ADA11 жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы университет профессоры Жақсыбек Егізбайұлына ұлы

**Аян Жақсыбекұлының**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы шаруашылық жұмыстары жөніндегі департамент директоры Доспенбетов Бағлан Жолмановичқа ағасы

**Табынбек Жолмановтың**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

# Әжелер салған әндер-ай...

**Бүгінде не көп – ансамбль көп, әнші көп. Сазы мен сөзі үйлеспейтін ән көп. «Әу» дегеннің бәрі әнші. Кезінде Мұқағалидың моншақ жырына Шәмші әсем ән жазды, Розадай әншілер құйқылжыта орындады.**

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»




Бізге жеткен осындай өлмес әндер әлі де қазақ даласында қалықтап, шырқалып жүр. Арзан шоулардан шаршағанда дәстүрлі өнердің алтын тінін жалғап, кейінгі ұрпаққа ұлт музыкасының құндылығын дәріптеп, насихаттап келе жатқан ансамбльдер назар аудартады. Сырдария ауданы Аманкелді ауылдық мәдениет үйі жанындағы «Жадыра» халықтық әжелер ансамблі ұлттық бояуы қанық дәстүрлі халық әндері мен қазақ композиторларының туындыларынан құралған ерекше репертуарымен әнсүйер қауымды тәнті етіп келеді.

Әжелер ансамблі 1988 жылы аудандық қыз-келіншектер бірлестігінің жетекшісі Фатима Рахманқұлованың бастамасымен құрылған. Бастапқыда ұжымда 16 өнерпазға дейін өнер көрсетті. Олар ауылдық, аудандық іс-шараларға, байқауларға қатысып, концерт қойды. Аз уақыт ішінде ән мен күйді құрметтейтін халықтың көзайымына айналды. Халық әндерімен қатар түрлі ұлттардың әуендерін паш етті. Кейіннен топтың құрамы өзгерді. Өнерпаздардың орнын жаңа буын толықтырды. Қазіргі таңда ансамбльде 9 адам өнер көрсетеді. Жетекшісі – ҚР Мәдениет саласының төсбелгі иегері Күлзакира Аманжолова. Өнер ұжымы 2016 жылы халықтық атағын алды. Ансамбль құрамының ең жасы 54-ті еңсерген, үлкені 81-ге аяқ басты. Әншілердің дені зейнет жасында.

– Ансамбль құрамындағы әншілердің көбі – бұрынғы мұғалім, сатушы, сауыншы, есепші, дәрігер, мәдениет саласының қызметкерлері. Бүгінде барлығы бір ұжым болып, халық әндерін насихаттап келеді. Ансамбльде Сапаркүл Есмағанбетова, Назира Календарова, Бейсенкүл Иманбердиева сынды Батыр аналар бар. Шайзада Қайырова да көпбалалы ана. Ансамбльді баянмен сүйемелдеп жүрген Пернекүл Ахметова әжелердің әр әннің иірімдері мен нақыштарына терең бойлап, әсем әуеннің күйін келтіру үшін еңбек етіп келеді. Ол биыл 73-ке толды. Әлі тың. Баянды бабына келтіре тартады. Жалпы, ансамбльдің репертуарында 30-дан астам ән жинақталған, – деді өнер ұжымының жетекшісі.

Расында, халық арасында жүріп, өнері ел жадында сақталған ансамбльдің еңбегі зор. Ұлттық өнерді дәріптеп жүрген өнерпаздардың ісі үлгі, құрметке лайық.

– Өнерге бала күнімнен жақын болдым. Ән салып, билегенді жақсы көретінмін. Бірақ сауда саласында ұзақ жыл еңбек еттім. Әжелер ансамблі ашылады дегенді естігенде қуандым. Алғашқылардың бірі болып ұжымға қабылдандым. Осылай бала күнгі арманым кеш те болса орындалды. Ұжыммен бірге талай концерттерде өнер көрсеттік. Қазір республикалық байқауға дайындалып жатырмыз, – дейді Сапаркүл Есмағанбетова.

Бүгінде пандемияға байланысты мәдени іс-шаралар онлайн форматта өтуде. Осыған орай «Жадыра» халықтық әжелер ансамблі концерттерін тікелей эфир арқылы көрсетуде. Өнер ұжымының жанкүйер тыңдаушылары да жетерлік. Бүгін тыңдалып, ертең ұмытылып қалатын әндердей емес, шынайы сезімнен туған асқақ шығармалар тыңдарман бойына рух беріп келеді.

Өнер ұжымында әжелер тек ән айтып қоймайды. Сонымен қатар олар ұлттық салт-дәстүріміздің жандануына өз үлестерін қосуда.

## Құттықтау

### Ұзақ жасап, ұрпақ қызығын көріңіз



*Қызылорда қаласының тұрғыны, әкеміз Нұрлыбек қажы Ысқақұлы 70 жасқа толды.*

Жетпіске жету бір бақыт, ал, осы бір жеті белеске абыройлы, берекелі, болып жетудің жүгі бір басқа. Әкеміз әркез өзінің қарапайым, қайырымды қалпымен, ағайынға адалдығымен, жомарт болмысымен балаларының бойына ізгілік пен имандылық сіңірді. Мұқтаж жан көрсе, ішер асын жерге қойып, өзгенің жағдайына алаңдап тұратын асыл жанның кішіктігі мен үлкен жүректілігі – үлгі-өнегенің бастауы болды. Әкеміздің ешкімнің ала жібін аттамай, адами құндылықтарды бойына тоқып, айналасына қадірлі болуы – біздің бақытты тірлігіміздің темірқазығы екені анық.

Әке, мерейлі жасыңыз құтты болсын. Бибісара анамыз екеуіңіз ұрпақ қызығын көріп, ұзақ жасаңыздар. Алла сіздердің ғасырлық тойларыңызды көруге жазсын.

Қайырмасыз шаттансақ әнімізге,
Ажар беріп осынау сары күзге.
Әке, бүгін жетпіске сіз жеттіңіз,
Құтты болсын қуаныш бәрімізге.

Ұлдарыңыз тірек боп ұядағы,
Қыздарыңыз тілек боп қиядағы.
Біз келдік думандатып шаңыраққа,
Жалындап жүректегі сый алауы.

Кеңге жайып ізгілік керегесін,
Көрсеттіңіз өмірдің өнегесін.
Ылайым, біздің тілек қабыл болсын,
Құдайым ырыс-бағын бере берсін.

**Ізгі ниетпен,
ұлдары-келіндері,
қыздары-күйеу балалары,
немерелері, жиендері.**





# «ЭЛИКСИР ЖИЗНИ»

## АҒЗАҢЫЗДЫ ЖАСАРТЫП, ӨМІРІҢІЗДІ ҰЗАРТАДЫ!

«Эликсир жизни» бальзамы – (Сәйкестік декларациясы ЕАЭС N RU D-RU. AE64. B.05819/20 19.06.2020 жылдан 18.06.2023 жылға дейін жарамды)

Жапондықтардың ұзақ жасауының құпиясын білесіз бе? Елдегі экологиялық жағдайдың нашарлығына қарамастан, олардың денсаулығы мықты және ұзақ өмір сүреді. Жерорта теңізінің жағалауында, Жапонияда, Жаңа Зеландияда, Ресейдің Примор өлкесінде теңіз кірпілері дәстүрлі тағамдардың бірі болып саналады. Теңіз кірпісінің уылдырығы құнарлы болғандықтан, ғарышкерлердің рационына да енгізілген. Олардың ДНК-лары адам ДНК-сымен 75% ұқсас келеді. Сондықтан қоректік зат ретінде ол адам ағзасында түгелдей қортылып кетеді.

Теңіз кірпілерінің өзі 200 жылға дейін өмір сүреді. Осы аралықта олардың ағзасында қартаю процесі байқалмайды. Сондықтан да оларды адам организмінің қартаюын тежеу үшін пайдаланады. Теңіз кірпісінің уылдырығындағы дәрумендердің, минералдар мен аминқышқылдардың жоғары концентрациясы қартаюмен күресіп қана қоймайды. Ол ағзаны радиоактивтік токсиндерден тазартады, иммунитетті нығайтып, денсаулықты толықтай қалпына келтіреді.

Бірақ осыншама көп теңіз кірпісін қайдан табамыз және уылдырықтың бойындағы бар пайдасын адам денсаулығына залал келтірмей қалай кәдеге асыруға болады? Бұл үшін өсімдіктектес компоненттермен байытылған арнайы формула көмектеседі. Ол пайдалы заттарды жоғары деңгейде қорытады.

Осы формула негізінде жасалған «Эликсир жизни» бальзамы мынадай қасиеттерге ие:

- организмді шлактар мен токсиндерден, радиоспадты өнімдерден тазартады;
- зат алмасу процесін реттейді, қант деңгейін түсіреді және қартаю процесін тежейді;
- физикалық және ойлау қабілетінің белсенділігін арттырады;
- асқазан-ішек жолдарының, ұйқы безінің жұмысын жақсартады;
- өкпе және тыныс алу жүйесінің жұмысын реттейді;
- жүйке, жыныс, иммундық жүйенің және қалқанша безінің жұмысын қалпына келтіреді;
- артериалды қан қысымын реттейді, жүректің жұмысын жақсартады;
- холестерин деңгейін төмендетіп, атеросклероздың дамуының алдын алады;
- иммунитетті нығайтады;
- потенцияны арттырады.

Бұл дәрумендік кешеннің құрамында ми мен жүректің жұмысын жақсартатын, организмді жасартатын ресвератрол мен таурин бар. Ал липа қышқылы – жасушаларды зақымдалудан сақтайтын, олардың жас қалпын ұзартатын мықты антиоксидант.

«Эликсир жизни» бальзамымен деніңе саулық, тәніңе күш-қуат пен ұзақ өмір сыйла!

Биологиялық активті қоспалар дәрілік зат болып табылмайды.

**Жақыпова Раушан, 62 жас**
Тұрақты бас ауруы, қан қысымның көтерілуі 210/100, стенокардия, жүрек шаншуы – бәрі мені көп жылдар бойы мазалайтын. Емделем деп ішкен дәрі-дәрмектен, асқазаным да құрыды. «Эликсир жизни» атты жаңа бальзамын ішкелі 1 айдың ішінде өзімді басқаша сезіне бастадым. Қан қысымым қалпына келді, ұйқым дұрысталды, ұмытшақтық кетіп, құлағым жақсыести бастады. Бас ауруы мүлдем жоқ, асқазанымдағы ауырлық кетті. Көңіл-күйім керемет! Құрбыларымның айтуынша, мен жасарып әдемі болдым!

**Шынар, 65 жас**
Мен немерелерімді бағып, үйде отырған жанмын. Соңғы жылдары жағдайым болмай, неше түрлі ауру сыр беріп, мазам кетті. Көп дәрілер іше бастадым... Осыны байқаған қызым маған «Эликсир жизни» бальзамын әкеліп берді. Бір курсын ішіп болып қалдым, әрі қарай да жалғастырамын. Өйткені, бойымда күш, сергектік пайда болды. Жан-жағымда жақындарым ауырып жатқанда, жүгіріп көмек көрсетуге жарадым. Көп мазалаған жерлерімді ұмытып та кеттім. Осы бальзамды шығарушыларға көп рахмет айтамын!

**Бір курсқа «Эликсир жизни» бальзамының 8 қорабын қабылдау ұсынылады. Бір қораптың бағасы – 4000 теңге. 3 қорапша алсаңыз, 4-ші қорапша ТЕГІН**




# «ЖЕНЬШЕНЬ – ӨМІР ҚУАТЫ» –

## ҒЫЛЫММЕН ДӘЛЕЛДЕНГЕН ТАБИҒАТ КЕРЕМЕТІ

«Женьшень - өмір қуаты» бальзамы – (Сәйкестік декларациясы ЕАЭС №RU Д-RU.АД81.В.14213, 24.07.2018 жылдан 23.07.2021 жылға дейін жарамды)

Табиғат женьшеньді мінсіз қылып жаратқан. Қазіргі заманауи технолог-ғалымдардың негізгі мақсаты – женьшеньнің барлық пайдалы қасиеттерін сақтай отырып, дәрінің ең тиімді түрін жасап шығару. Сонымен қатар, құрамындағы барлық заттар бір-бірінің емдік қасиетін төмендетпей, бірлесіп, пайдалы қасиеттерін арттыру. Женьшеньнің жапырақтары мен тамырынан дайындалған мицеллярлы түрдегі тұнбаны қолданудың арқасында бұл фитонаноцевтикалық бальзам организмге жақсы еніп, белсенді мицеллярлық құрамы асқазан-ішек жолдарына тез сіңу қабілетіне ие. Жоғары белсенді компонент «Женьшень – өмір қуаты» фитонаноцевтикалық топтамасы тонусты көтеріп, ағзаның жағымсыз әсерлерге қарсы тұру қабілетін арттырып, қабыну процестерін жояды. Сондай-ақ, бактерияға және вирусқа қарсы әрекет етіп, қан қысымын реттеп, қанның құрамын қайта қалпына келтіріп, өкпе мен бронхтарды, қанды тазартып, ішкі секреция бездерін, зат алмасуды жақсартып, тас түзілуіне кедергі келтіреді.

Биологиялық активті қоспалар дәрілік зат болып табылмайды.

***Қолдану әдісі:** күніне 3 рет тамақтанудан 30 минут бұрын 1 шай қасық бальзамды аузыңызда 30-40 секунд ұстап тұрып, содан кейін жұтасыз.*

### БАЛЬЗАМДЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҰСЫНЫЛЫМ:

- Жүрек-қан тамыры жүйесі жұмысының бұзылуы (жүрек әлсіздігі, жүректің ревматикалық ауруы, атеросклероз, вегетотамырлы дистония, тахикардия және т.б.).
- Жүйке жүйесі ауруларында;
- Гипертония мен гипотония кезінде қан қысымын реттеу;
- Ревматизм, артрит, артроз, буын аурулары, остеохондроз, подагра кезінде;
- Иммунитетті көтеру және ағзаның жалпы жағдайын жақсарту;
- Түрлі инфекциялық, бактериялық және вирустық ауруларда;
- Тыныс алу жолдарының инфекциялық және қабынуында;
- Ас қорыту жүйесі ауруларында (ас қорытудың бұзылуы, гастрит, он екі елі ішек және асқазан жарасы);
- Бауыр ауруларында;
- Бүйрек және несеп шығару жолдарының ауруларында;
- Өт жолдарының дискинезиясы, өтте тас жиналу кезінде;
- Простатит, простата аденомасы кезінде;
- Терінің инфекциялық-аллергиялық ауруларында;
- Қант диабетінде;
- Қан тамырының ауытқуларынан болған көз ауруларында;
- Ісік кезіндегі өзгерістерде.

**БІЗДІҢ КЛИЕНТТЕРІМІЗ БІЗ ТУРАЛЫ:**



**Токуев Тастанбек, 71 жас**
Мен көп жылдар бойы қызмет атқардым. Өз денсаулығыма жақсы қарайтынмын, бірақ жылдар өзінікін алады екен. Соңғы кездері мен бронхиалды астмамен ауыратын болдым. Ентікпе, жөтел бар. Алыс жолға жаяу шыға алмаймын. Дәрі-дәрмек ішуге мәжбүрмін. Сосын буындарым ауырады, «полиартрит» деген диагноз қойды. Арқама тұз жиналып қалады. Мен «Женьшень» бальзамының 2 курсын іштім 2,5 ай бойы. Нәтижесі жақсы. Ентікпем кетіп, жөтел өте сирек болады. Тыныс алуым өте жақсы. Буындарымның қақсағаны кетті. Өзімді сергек сезінемін. Әлі де «Женьшень» бальзамын ішемін, Сіздерге де кеңес беремін!



**Баранов Анатолий Иванович, 63 жас**
5 жылдан бері мен қант диабетінің 2 түрімен ауырамын. Әрқашан диета ұстап үйреніп қалдым, сондықтан көп тағамдарды жей алмаймын. Сонымен қатар қан қысымым өте жоғары. Күн ыстықта жүрегім қатты қағып, үйде жатуға тура келеді. Достарымнан «Женьшень» бальзамы туралы естіп, ішуге бел будым, өйткені оның құрамында қант пен химия қоспалары жоқ. Маған тек қана көмек әкелетінін білдім. Қазіргі кезде қантым қалпына келді. Өзімді жақсы сезінудемін. Қан қысымым, түнгі ұйқым дұрысталды! Үлкен рахмет!



**Байымбетова Тамара, 87 жас**
Жасым келгесін бе, кайдам, әйтеуір қан қысымым әрдайым көтеріліп тұрады. Жүрек-қан тамыр ауруына шалдықтым. Ұйқысыздық, әлсіздік мазамды кетірді. Осы «Женьшень» бальзамының жақсы қасиеттері туралы балам газеттен оқып, маған әкеліп берді. Шүкірмін, осы бальзамды ішкелі қан қысымым орнына келіп, әлсіздік басылды, түн мезгілінде жақсы ұйықтайтын болдым. Бальзамды әлі де үзбей ішіп отырмын.

**Мекен-жайы өзгергені туралы ескертеміз!**
**«Женьшень» бальзамының, «Эликсир жизни» бальзамының қасиеті туралы СІЗ МЫНА КҮНІ ӨТКІЗІЛЕТІН САТЫЛЫМ КЕЗІНДЕ БІЛЕ АЛАСЫЗ: Қызылорда қаласында 16 қыркүйек күні сағат 10.00-11.00 аралығында *А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде, Қазыбек би көшесі, 21 (Ескі базардың қасында).***

**Мына телефондар арқылы маманнан кеңес алып, тапсырыс беруге болады: 8 702 911 55 55, 8 777 114 13 20, 8 727 327 88 02**

**Бір курсқа бальзамның 8 қорабын қабылдау ұсынылады.**
**Бір қораптың бағасы – 4000 теңге. 3 қорапша алсаңыз, 4-ші қорапша ТЕГІН**


● ЖӘДІГЕР

# Диқан шай ішкен самаурын



**Шиелі аудандық Ыбырай Жақаев атындағы күріш өсіру тарихы музейінде атадан балаға мұра болып келе жатқан көне жәдігерлер, ұлттық бұйымдар молынан сақталған.**

Сондай жәдігерлердің бірі – самаурын. Ыбырай атамыздың өзі ұстап-тұтынған 40 литрлік самаурын – музейдің құнды жәдігерлерінің бірі.

Тарихқа үңілсек, Ресейге алғашқы самаурынды Петр патша Голландиядан алдырған екен. Кейіннен бұл жерде де самаурын жасау ісі жақсы дамып, фабрикалар салынады. Мамандар самаурын жасау ісі Ресейде XVIII ғасырда жақсы дамыған деп отыр. Мәселен, тек қана Тула қаласының өзінде 1850 жылдары осы бағытта 28 фабрика жұмыс істеген көрінеді. Ал қазақ даласына самаурын XIX ғасырдан бастап қолданысқа енген.

Музейде Ыбырай Жақаевтың қос басында ұстаған самаурындарынан «Атам шай ішкен самаурын» атты көрме жасақталды.

Мұндағы 40 литрлік самаурын музейдің құнды жәдігерлерінің бірі екенін жоғарыда айтып өттік. Диқан атамыз күріш егу науқанында егіс басында осы самаурынды пайдаланған. Қос басында осы самаурынмен түскі, бесін уақыттарында шай ішкен. Қауаққа ағарған сусындарын құйып, арықтың ішіндегі суға салып, мұздатып сақтаған деп айтады ауыл қариялары.

**«СБ» ақпарат**

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
«СЫР МЕДИА»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 26627 Тапсырыс №163 Кезекші редактор **Сара АДАЙБАЕВА**